- [4] Рудникова Н.П. Комплексная оценка туристско-рекреационного потенциала региона (на примере Орловской области): Дис. ... канд. геогр. наук. – Орел, 2005. – 196 с.
- [5] Королева И.С., Петин А.Н. Теория и методология рекреационной оценки лесных угодий с помощью ГИС-технологий // *Научный результат. Технологии бизнеса и сервиса*. – 2015. – Т. 1, № 2.
- [6] Карчевская Е.Н. Развитие туристско-рекреационной деятельности в экологически проблемном регионе (на примере Гомельской области) // *Псковский региональный журнал*. – 2009. – № 7. – С. 110-117.

#### REFERENCES

- [1] Libo Yan, Bo Wendy Gao, Meng Zhang. A mathematical model for tourism potential assessment // *Tourism Management*. 2017. 63. P. 355-365.
- [2] Kumova N.A. Comprehensive Assessment of the Tourist and Recreational Potential of a Region (on the Example of the Kursk Region): Dis. ... cand. geogr. sciences. Kursk, 2004. 207 p. (in Rus.).
- [3] Stebenkova M.A. Comprehensive assessment of the natural tourist and recreational potential of the Astrakhan region: Author. dis. ... cand. geogr. sciences. Volgograd, 2003. P. 21-22 (in Rus.).
- [4] Rudnikova N.P. A comprehensive assessment of the tourist and recreational potential of a region (on the example of the Oryol Region): Dis. ... cand. geogr. sciences. Orel, 2005. 196 p. (in Rus.).
- [5] Koroleva I.S., Petin A.N. Theory and Methodology of Recreational Assessment of Forest Land Using GIS Technologies // *Scientific Result. Technology of business and service*. 2015. Vol. 1, N 2.
- [6] Karchevskaya E.N. Development of tourist and recreational activities in an ecologically problematic region (on the example of the Gomel region) // *Pskov Regional Studies Journal*. 2009. N 7. P. 110-117.

#### Р. К. Темирбаева

К.г.н., старший научный сотрудник лаборатории географии туризма и рекреации  
(Сатпаев Университет, Институт географии, Алматы, Казахстан)

#### ОЦЕНКА ТУРИСТСКОГО ПОТЕНЦИАЛА КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКИХ РЕСУРСОВ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**Аннотация.** Дана оценка туристского потенциала культурно-исторических ресурсов Акмолинской области. Сделан анализ существующих методов их изучения с использованием информационных техно-

логий. Для оценки туристского потенциала территории в качестве критериев была выбрана насыщенность территории памятниками истории и культуры. В статье использованы результаты исследований, полученные в рамках Проекта № AP05131504 «Научно-прикладные основы управления туристскими ресурсами на основе web-технологий на примере Северного Казахстана».

**Ключевые слова:** туристский потенциал, культурно-исторические ресурсы, памятники истории и культуры, картография.

**R. K. Temirbayeva**

Candidate of Geographical Sciences, Senior Researcher Laboratory of Geography of Tourism and Recreation  
(Satpayev University, Institute of geography, Almaty, Kazakhstan)

**ASSESSMENT OF THE TOURIST POTENTIAL OF CULTURAL AND HISTORICAL RESOURCES  
OF THE AKMOLA REGION**

**Abstract.** The article assesses the tourist cooperation of cultural and historical resources of Akmola region. The analysis of existing methods for their study using information technology. To assess the tourist potential of the territory, the saturation of the territory with historical and cultural monuments was chosen as criteria. To assess the territorial heritage of history and culture. The article uses the results of studies within the framework of Project № AP05131504 "Scientific and applied fundamentals of tourism resources management on the basis of Web-technologies on the example of Northern Kazakhstan".

**Keywords:** tourist potential, cultural and historical resources, historical and cultural monuments, cartography.

ӨОЖ 91.911

М. Н. Азбангаева<sup>1</sup>, Н. Б. Зинабдин<sup>1</sup>, А. Б. Сагынбаева<sup>1</sup>, О. Б. Мазбаев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Физикалық және экономикалық география кафедрасының PhD докторанты  
(Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

<sup>2</sup>Г.ғ.д., физикалық және экономикалық география кафедрасының профессоры  
(Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

## АУМАҚТАРДЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЗОНАЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Аннотация.** Аумақты аймақтарға бөлудің мақсаты табиғи органы пайдалануда ыңғайлы, ойластырылған кеңістік құру болып табылады. Оның негізгі артықшылығы жергілікті жерді белгілі бір бөліктерге ұтымды бөлуде. Бүгінгі күні әлемнің барлық қалаларында функционалдық аймақтар бар. Олардың барлығы түрі мен мақсатына қарай елді мекендерде орналасады. Дәл осы екі көрсеткіш аумақты бөлу кезінде негізге алынады.

**Түйін сөздер:** аумақ функциясы, дифференциациялау, концентрациялық, рекреация, табиғи-ресурстық әлеует, функционалдық зоналау.

**Кіріспе.** Адамзат қоғамының даму тарихы оны қоршаған ортаның табиғи-ресурстық әлеуетін пайдаланумен тығыз байланысты. Қазіргі кезде қоғамның экономикалық, ғылыми-техникалық дамуына байланысты аумақты пайдалану мен оңтайлы ұйымдастыру, адамның табиғи ортаға тигізетін зиянды әсерін азайту, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелерін кешенді түрде шешу маңызы күн санап артып келеді. Барған сайын адамзаттың әр бағыттағы сұранысы арту үстінде, сондықтан ол жаңа тәсілдер мен жаңа зерттеу бағыттарын қажетсінуде.

Осы орайда қазіргі кездегі экономикалық және экологиялық үрдістердің қауырт дамуы және қалыптасқан жағдайдың тез өзгермелілігі, соның нәтижесінде қабылданатын басқару шешімдерінің негізді болуы жаңа талаптар қойып отыр. Әңгіме зерттеу тәсілдерінде замануи құралдардың, атап айтса ақпараттық технологиялардың жетілдірілген түрін қолдану және зерттеу жұмыстарының жаңаша ұйымдастырылуында болып отыр.

Аталмыш парадигма қазіргі жағдайда барлық бағыттағы зерттеу жұмыстарын қамтуда. Осы орайда қоршаған ортаны қорғау, экологиялық талаптарды орындау бағытында жүзеге асырылып жатқан ғылыми зерттеу жұмыстарындағы ерекшеліктер мен шешілуге тиісті мәселелерді атап өту керек.

**Зерттеу әдістемесі және алғашқы мағлұматтар көздері.** Қазақстан территориясыжөнінен әлемдегі ірі мемлекеттер қатарына кіреді. Оның территориясының физикалық және аймақтық ерекшеліктері белгілі ғалымдардың еңбектерінде сипатталған. Территорияның үлкендігі және ерекшеліктерінің молдығы зерттеу жұмыстарының алуандығын әрі олардың нақтылығын қажет етеді. Әсіресе аймақтарға тән жер қабығының физикалық және химиялық қасиеттерін нақты білу, ландшафттық ерекшеліктердің көрсеткіштерін анықтау арнайы кешендік жұмысты қажет етіп отыр.

Осының бәрі зерттеу жұмыстарының теориялық негіздемесін нақтылап алғанды қалайды.

Н. Ф. Реймерс берген анықтама бойынша (1990) табиғатты пайдалану – табиғи-ресурстық әлеуетті пайдаланудың барлық формалары мен оны сақтау шараларының жиынтығы. Басқаша айтқанда, бұл – нәтижесінде Жердің географиялық қабығында жүретін өзгерістерге әкелетін қоғам мен табиғи ортаның өзара әрекеттесулер жиынтығы.



Табиғатты пайдалану процесінің өзі екі құрамдас бөліктен тұрады:

- 1) табиғи және аумақтық ресурстарды пайдалану;
- 2) осы пайдаланудың қоршаған ортаға тигізетін әсері.

Осылайша, процестің екі құрамдас бөлігіне де Н. Ф. Реймерс (1990) адамзаттың өзін қоршаған ортасына тікелей немесе жанама түрде тигізетін әсерінің жиынтығы ретінде анықтаған «антропогендік әсер» терминін қолдануға болады [1]. Демек, табиғатты пайдалануды белгілі бір аумаққа адамның өз қажеттіліктерін өтеуі үшін тікелей немесе жанама түрде тигізетін әсері ретінде қарастыруға болады.

Қоршаған ортаның барлық құрамдас элементтеріне антропогендік әсер ету процесі – жалпы экономикаға және халықтың өмір сүру сапасына әсер ететін негізгі факторлардың бірі. Қазіргі кезде табиғат пайдаланушылардың түрлі категориялары арасындағы қайшылықтар тереңдей түсуде, бұл табиғат ресурстарын пайдалану процестерін басқаруды және өңірлердегі экологиялық жағдайды заманауи экологиялық-экономикалық жағдайларға сай деңгейде ұстап тұру тетіктерін әзірлеу қажеттілігін анықтады. Осыған байланысты, жаңа экономикалық жағдайда табиғат пайдалануды аумақтық басқарудың теориялық негіздері мен әдістерін дамытудың маңызы күн өткен сайын артып келеді.

Табиғат пайдалану типтерінің жіктемесі ХХ ғасырдың 70-жылдарынан бастап географияда қолданылып келе жатқан «аумақ функциясы» ұғымына өте жақын келеді. «Аумақ функциясы» ұғымын алғаш рет А. А. Минц пен В. С. Преображенский (1970 ж.) ұсынды [2]. Олар атқарылатын функциялардың аумақтың ерекшелігімен байланысын және ол функциялардың қоғамдық қажеттіліктерге өзара тәуелділігін теориялық тұрғыдан негіздеді. Бұл теориялық негіздеме бойынша кез келген аумақ, яғни географиялық кеңістіктің белгілі бір бөлігі қоғам тіршілігінде қандай да бір функцияны атқарады, демек қоғамның белгілі бір қажеттілігін өтейді. Аумақтық функциялар сол жерде кездесетін табиғи және әлеуметтік-экономикалық факторлардың барлығының жиынтығы мен қоғам қажеттіліктерінен туындайды [3].

Зоналау тақырыбы көптеген ғылыми әдебиеттерде нақты әр түрі бойынша және жалпы кешенді түрде қарастырылған. Астренов В. М. (1991), Истомина Е. А., Черкашин А. К. (2000), Чуканова О. А. (2004), Буруль Т. Н. (2005), Акиянова Ф. Ж. (2009), Прудникова Н. Г., Барышникова О. Н. (2009), Худеева В. В. (2009), Панков С. В. (2010), Тулеубаева Г. Ж. (2010), Коновалова Т. И. (2011), Береговских А. Н. (2013), Тюкленкова Е. П., Пресняков В. В. (2013), Мельников Н. (2013), Орлова И. В. (2014), Панченко Е. М., Дюкарев А. Г. (2015), Байкалова Т. В., Карпова Л. А., Морковкин Г. Г., Солонько Е. В. (2016), Бейсембаева А. Б. және т.б. ғалымдардың еңбектерінде [3-24] зоналаудың қала құрылысы бойынша, құқықтық, бағалық, агроклиматтық, агроэкологиялық, экологиялық, экологиялық-экономикалық, экологиялық-географиялық, экологиялық-ландшафттық, кадастрлық және бағалау, ландшафттық, геоморфологиялық, рекреациялық, функционалдық және т.б. түрлері бойынша ғылыми жұмыстар жасалған. Кестеде функционалдық зоналау бойынша зерттеушілер тұжырымдары берілген.

Аумақты функционалдық аймақтарға бөлу туралы зерттеушілердің тұжырымдары

Зерттеушілер	Аумақты функционалдық аймақтарға бөлу туралы тұжырымдар
Багальцева О. В.	Табиғи-шаруашылық жүйе аумағын аймақтандыру – бұл табиғат пайдаланудың әртүрлі типтері мен режимдері бар функционалдық аймақтар кешенін бөлу [13]
Байкалова Т. В., Карпова Л. А., Морковкин Г. Г., Солонько Е. В.	Функционалдық аймақ – бұл белгілі бір шекараларда, біртекті және оған тиісті пайдалану регламенттерімен белгіленеді [14]
Прудникова Н. Г., Барышникова О. Н.	Аумақты функционалдық аймаққа бөлу аймақтың табиғи әртүрлілігінен басқа табиғатты пайдаланудың әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерін арттырады. Бұл экологиялық экономикалық жағынан ғана емес, этномәдени жағынан да үйлесімді рекреациялық аумақ құруға мүмкіндік береді [19]
Орлова И. В.	Аймақтандыру – аумақты аймақтар бойынша саралау, географиялық кеңістіктің өзіндік қатпарлануы, әрбір қабат – бұл аймақ. Аймақ деп нақты функцияларды іске асыру үшін сандық және сапалық өлшемдер бойынша белгілі бір мақсатпен бөлінген аумақ учаскесін айтады [22]

**Талдау және нәтижелер.** ХХІ ғ. басында көптеген ғалымдар – жерді орналастырушылар, экономисттер мен аумақты жоспарлаушы мамандар елдің барлық аумағын олардың құқықтық режим мен белгілі ережелер тұрғысынан саралап пайдалануды бекіту мақсатында зоналарға бөлу қажеттілігін айқын түсінді.

Экономикасы дамыған шет елдерде аумақты зоналау үлкен маңызға ие. Зоналау барысында әрбір жер учаскесінің нысаналы мақсаты мен сипаты тек қазіргі уақытқа ғана емес, сондай-ақ нарыққа үлкен әсер ететін болашақ үшін де анықталады. Сондықтан, Еуропалық Одақтың тығыз қоныстанған аймақтарында аумақты зоналау мен жерді болашақ пайдалану жоспары мемлекеттің немесе жергілікті өзін өзі басқару органдарының жерді және жер нарығы айналымын реттеуі үшін тұтқа ретінде пайдаланылады. Осылайша, кейбір жағдайларда аумақты зоналау жер пайдаланушының белгілі бір түрінің санын жер учаскелерін ұсыну жеткіліксіз болатындай етіп шектейді. Бұл олардың бағасының өсуіне әкеледі [4].

География және геодезия саласына қатысты қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде «зоналау» түсінігіне кез келген аумақтың телімдерін олардағы кейбір құбылыстардың қарқындылығы бойынша жүйелеу процесі ретінде анықтама берілген [5].

Зоналауға арналған көптеген еңбектерде жер қорын мемлекеттік басқарудың салыстырмалы түрде жаңа және тәуелсіз функциясы ретінде оны негіздеуге көп көңіл бөлінеді [6]. ҚР Жер кодексінде зоналау аумақты кешенді түрде пайдалану мен қорғауды ұйымдастыру құралы ретінде қарастырылады. Аталған заң құжатында жерді зоналау жер аумағын оның нысаналы мақсаты мен пайдаланылу режимін белгілей отырып айқындаумен сипатталады. Жерді зоналауды облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана, аудандар, облыстық маңызы бар қалалар деңгейінде ұйымдастыруды облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың тиісті уәкілетті органдары жүзеге асырады. Жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың тиісті уәкілетті органдары бекітетіндігі атап көрсетілген [7].

Дегенмен, Жер кодексі зоналаудың мазмұны мен принциптерін ашып көрсетпейді, тек жерді зоналау бойынша жұмыстарды әдістемелік қамтамасыз ету жер ресурстарын басқару бойынша орталық атқарушы органдарға жүктелетінін көрсетумен шектеледі.

Қазақстан Республикасы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңына сәйкес аумақтарды зоналау – қала құрылысын жоспарлау кезінде жекелеген аймақтарды қала құрылысына пайдалану түрлері мен оларды пайдалану жөніндегі мүмкін болатын шектеулерді белгілей отырып аумақтарды функционалдық зоналарға бөлген [8].

Қала құрылысы мен аудандық жоспарлау теориясының алғашқы және негізгі ұғымдарының бірі «аумақты функционалдық зоналау» ұғымы болды. Функционалдық зоналау туралы қала құрылысы идеясы ХХ ғасырдың басында Францияда пайда болды және 1933 жылы Афины қаласында өткен халықаралық IV Қазіргі заманғы архитектура конгресінде (CIAM) өмір нормасы және қала құрылысының ойлау тәсілі ретінде жарияланды [9].

Зоналау – аумақты зоналар бойынша дифференциациялау, географиялық кеңістікті әрқайсысы өзіндік бір зона боп табылатын қабаттарға бөлу. Зона – белгілі бір мақсатпен сандық және сапалық критерийлері бойынша нақты функцияларды жүзеге асыру үшін бөлінген аумақ учаскесі. Зона ареалы әдетте біркелкі емес, бұл зоналауды аудандастырудан ерекшелейді және зоналау міндеттерін типологиялық картографиялаумен жақындастырады [10].

Қазіргі ғылымда аумақты функционалдық зоналау тақырыбы жеткілікті дәрежеде жақсы зерттелген, оны түрлі авторлар географиялық, экономикалық немесе қала құрылысы мәселесі ретінде қарастырады. «Функционалдық зоналау» ұғымының ең жалпы және іргелі анықтамасы қала құрылысы нысанының немесе архитектуралық нысанның жетекші функциясының сипаты негізінде әр түрлі мақсаттарға (зоналарға) бөлуді білдіреді [11].

ҚР БҒМ География институтында жасалған «Қазақстандық каспий маңы, каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорықтық аймақ, функционалдық зоналау, экологиялық зоналау, экожүйелер, гаж-технологиялары» жобасында функционалдық зоналау – аумақтың табиғи-ресурстық әлеуетін шаруашылықта тиімді пайдалануды гармонизациялау принциптеріне негізделген табиғи-шаруашылық жүйелерді тұрақты басқарудың ғылыми әдістерінің бірі. Функционалдық зоналау белгілі бір аумақ шегінде табиғи жағдайлары мен шаруашылықта пайдаланылуы

бойынша салыстырмалы біртекті учаскелерді оптимизациялау мен тиімді басқару бойынша іс-шараларды әзірлеу мақсатында бөлу ретінде сипатталған [12].

Табиғи аумақтық зоналардан басқа елді мекендер аумағын зоналауды қарастыруымыз керек. Нұр-Сұлтан қаласы мысалында желілік-концентрлік жоспарлау құрылымымын қарастырудамыз. Қаланың негізгі бөлігі өзен бойында созыла орналасқан, сонымен бірге қала қалааралық жолдар әртүрлі жақтан келетін ірі көлік торабы болып табылады. Көрші елді мекендер негізінен осы трассалардың бойымен тарала, қалаға концентрациялық құрылымның белгілерін береді. Қаланың концентрлік құрылымы қаланың көлік инфрақұрылымын дамыту, аумақтың ландшафтық-экологиялық зоналарын қалыптастыру, экологиялық қала құрылысы аспектілерін ескере отырып, функционалдық аймақтарды ыңғайлы және тиімді орналастыру үшін қолайлы [13].

Функционалдық зоналау табиғат пайдаланудың қазіргі жағдайына талдау жүргізуді және жобалық аумақтың табиғи орта компоненттерінің сипаттамасын, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайын талдауды кіріктіреді. Табиғат пайдалану типтері зерттеледі және картографияланады, табиғи ортаға әсері тұрғысынан классификация құрастырылады, экологиялық конфликттерді анықтау, себептерін талдау, шешу жолдарын іздеу жүргізіледі. Зерттеудің ең соңғы нәтижесі пайдалану сипатының өзгерісін талап ететін зоналарға бөлумен бірге аумақты пайдаланудың ең тиімді нұсқасын анықтау болуы тиіс.

Әдістемелік тұрғыдан функционалдық зоналауды бағалау мен картографиялау үшін келесі үлгі жасалады:

табиғи орта кешендерінің экологиялық жай-күйін ескере отырып бағалау мен картографиялау;  
жер пайдалану типтерін картографиялаумен бірге аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын бағалау;

экологиялық конфликттерді айқындау, себептерін талдау, оңтайлы шешімдерін іздеу;  
функционалдық зоналаудың интегралдық картасын құрастыру;  
пайдалану сипатын өзгертуді талап ететін зоналарға бөлу мүмкіндігімен әрекет секторлары және аумақты пайдаланудың тиімді нұсқасын анықтау [14].

Заманауи ұғымдарда функционалдық зоналау – белгілі бір ортақ қасиеттерімен, соның ішінде орындалатын функциялардың тұтастығымен және ресурстарды пайдалануға қойылған шектеулермен сипатталатын күрделі табиғи-шаруашылық жүйелерді қалыптастыру бойынша аумақты ұйымдастыру тәсілі [15].

**Қорытынды.** Функционалдық зона – функционалдық мақсаттары және соған сәйкес пайдалану тәртібі біртекті болып келетін белгілі бір шекарасы бар аумақ. Функционалдық зоналаудың мақсаты функционалдық зоналардың құрамын анықтау және олардың шекараларын бөлу. Аумақтың функционалдық мақсаты сол аумаққа арналған басым әрекет (функция) түрі ретінде түсіндіріледі.

Қоршаған ортаның халыққа қолайсыз әсерін жою немесе азайту жұмыстарында маңызды құрал болып табылатын аумақты функционалдық зоналау жүргізу үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

бөліп қарауға болатын функционалдық зоналардың негізгі типтерін және санын анықтау;  
функционалдық зоналардың жекелеген типтерін аумақтың нақты элементтеріне байланыстыру және олардың болашақтағы шаруашылық бағыттарын қалыптастыру;  
әр түрлі типті функционалдық зоналар шеңберінде аумақты пайдалану режимін оңтайландыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Жер мәселесі қазіргі уақытта Қазақстанда өте өзекті мәселе болып отыр. Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша жердің нақты иесі болып мемлекет, ұйым немесе жеке тұлға табылады. Экономиканың дамуы әсіресе ауыл шаруашылығының екпінді өсуі әрі ауыл адамдарының әлеуметтік жағдайының жоғары болуы жер мәселесінің нақты шешілуін қажет етуде. Себебі, қазіргі уақытта жер иелерінің жерді тиімді пайдаланбауы, шетелге жалға беру немесе сату ықтималдығы сынды мәселелер саяси әрі экономикалық жағдайды күрделендіруде.

Осы орайда жердің географиялық жағдайын ғылыми тұрғыдан зерттеу, оның яғни физикалық және химиялық құрылымын анықтау, заманауи құралдар арқылы оның ерекшеліктерін тексеру және пайда болған құбылыстарды талдап болжау қажеттілігі барған сайын артуда. Сонымен бірге территорияны жалпы мемлекеттің бөлігі ретінде қарастырып, оның болашақтағы стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуде алатын орнын барынша нақтылау қажет.

**ӘДЕБИЕТ**

- [1] Реймерс Н.Ф. Природопользование: словарь-справочник. – М.: Мысль, 1990. – 639 с.
- [2] Минц А.А., Преображенский В.С. Функция места и ее изменение // Изв. АН СССР. Сер. географич. – 1970. – № 6. – С. 118-131.
- [3] Чуканова О.А. Функциональное зонирование Черноморского побережья России для рационального природопользования. – М., 2004.
- [4] Коновалова Т.И. Уникальность геосистем и функциональное зонирование центральной экологической зоны оз. Байкал // Серия «Науки о Земле». – 2011. – Т. 4, № 2. – С. 107-119.
- [5] Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: География және геодезия. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. – 264 б.
- [6] Панков С.В. Методика функционального зонирования территорий сельских поселений // Альманах современной науки и образования. – 2010. – № 3. – Ч. 1.
- [7] Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Жер кодексі.
- [8] Закон Республики Казахстан от 16 июля 2001 года № 242-ІІ «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан».
- [9] Иконников А.В. Архитектура и градостроительство (Электронный ресурс) // Энциклопедия. – М.: Стройиздат, 2001. – 688 с.
- [10] Худеева В.В. Территориальное планирование и функциональное зонирование как инструмент стратегического развития территории и активизации региональной экономики // Вестник ТГУ. – 2009. – Вып. 7.
- [11] Береговских А.Н. Прошлое, настоящее и будущее территориального планирования // Вестник ВолгГАСУ Сер. «Стр-во и архит.». – 2013. – Вып. 31(50). – Ч. 1. Города России. Проблемы проектирования и реализации.
- [12] Акиянова Ф.Ж., Радуснова О.В. и др. Географические основы функционального зонирования Казахстанского Прикаспия // Гидрометеорология и экология. – 2009. – № 4.
- [13] Баталыцева О.В. Ландшафтное планирование и функциональное зонирование города Астаны и его окрестностей: Автореф. дис. – Томск, 2016.
- [14] Байкалова Т.В., Карпова Л.А., Морковкин Г.Г., Солонько Е.В. Функциональное зонирование территории Красногорского и Советского районов Алтайского края для целей устойчивого развития // Вестник Алтайского государственного аграрного университета. – 2016. – № 10.
- [15] Тюкленкова Е.П., Пресняков В.В. Составление схемы функционального зонирования сельского населённого пункта на примере рабочего посёлка Золотарёвка Пензенской области // Региональная архитектура и строительство. – 2013. – № 1.
- [16] Астрецов В.М. Географические подходы к перспективному планировочному районированию и функциональному зонированию планировочных районов на примере Московской области: Автореф. дис. ... канд. геогр. наук. – М., 1991. – 7 с.
- [17] Истомина Е.А., Черкашин А.К. Применение математических методов и ГИС-технологий при функциональном зонировании территории // Экология ландшафта и планирование землепользования. – Новосибирск: Изд-во СО РАН, 2000. – С. 67-71.
- [18] Буруль Т.Н. Зонирование территории Волгоградской агломерации по степени антропогенной нагрузки: Автореф. дис. ... канд. геогр. наук. – Волгоград, 2005. – 25 с.
- [19] Прудникова Н.Г., Барышникова О.Н. Функциональное зонирование рекреационных территорий на примере переходной зоны Алтая // Науки о Земле. – М., 2009.
- [20] Тулеубаева Г.Ж. Правовая природа, функциональное назначение Института зонирования земель // Сборник материалов конференции «Действующее право Республики Казахстан: Проблемы, тенденции, перспективы». – Астана, 2010.
- [21] Мельников Н. Теоретические основы отнесения земель к категориям и зонирования территорий в Российской Федерации // Земельное право. – М., 2013.
- [22] Орлова И.В. Функциональное зонирование земель сельскохозяйственного назначения для целей сбалансированного природопользования // Фундаментальные исследования. – 2014. – № 5-4. – С. 783-788.
- [23] Панченко Е.М., Дюкарев А.Г. Зонирование территории Обь-Томского междуречья по эколого-функциональному принципу // Вестник Томского государственного университета. – 2015. – № 394. – С. 250-260.
- [24] Бейсембаева А.Б. Зонирование городских земель в Республике Казахстан // Международная научно-техническая интернет-конференция «Кадастр недвижимости и мониторинг природных ресурсов».

**REFERENCES**

- [1] Reimers N.F. Nature management: dictionary-reference. M.: Thought, 1990. 639 p. (in Rus.).
- [2] Mints A.A., Preobrazhensky V.S. Place Function and its change // WPI. USSR Academy of sciences. Ser. geographic. 1970. N 6. P. 118-131 (in Rus.).
- [3] Chukanova O.A. Functional zoning of the Black sea coast of Russia for rational nature management. M., 2004 (in Rus.).
- [4] Konovalova T. I. The Uniqueness of geosystems and functional zoning of the Central ecological zone of the lake Baikal // Series «Earth Science». 2011. Vol. 4, N 2. P. 107-119 (in Rus.).
- [5] Branch scientific terminology explanatory dictionary of the Kazakh language Geography and geodesy. Almaty: «Mektep» publishing, 2007. 264 p. (in Kaz.).
- [6] Pankov S.V. Methods of functional zoning of rural areas // Almanach of modern science and education. 2010. N 3. Part I (in Rus.).
- [7] Land code of the Republic of Kazakhstan dated June 20, 2003, N 442 (in Kaz.).
- [8] Law of the Republic of Kazakhstan of 16 July 2001 № 242-II On architectural, town-planning and construction activities in the Republic of Kazakhstan (in Rus.).

- [9] Konnikov A.V. Architecture and urban planning (electronic resource) // Encyclopedia. M.: Stroyizdat, 2001. 688 p. (in Rus.).
- [10] Chudaeva V.V. Territorial planning and zoning as a tool for strategic territory development and the revitalization of the regional economy // Vestnik of TSU. 2009. N 7 (in Rus.).
- [11] Beregovskikh A.N. Past, present and future of spatial planning // Vestnik of VolgGASU. Ser.: Construction and architectural. 2013. Issue. 31(50). P. 1. City of Russia. Design and implementation problem (in Rus.).
- [12] Akiyanova F.Zh., Radusnova O.V. etc. Geographical basis of functional zoning of the Kazakhstan Caspian // Hydrometeorology and ecology. 2009. N 4 (in Rus.).
- [13] Batalceva O.V. Landscape planning and functional zoning of Astana city and its environs: the abst. dis. Tomsk, 2016 (in Rus.).
- [14] Baikalova T.V., Karpova L.A., Morkovkin G.G., Solonko E.V. Functional zoning of the territory of Krasnogorsk and Soviet regions of Altay Kray for sustainable development // Vestnik of Altai state agrarian university. 2016. N 10 (in Rus.).
- [15] Tulenkova E.P., Presnyakov V.V. Drawing up of the scheme of functional zoning of the rural settlement on the example of the working settlement Zolotarevka of the Penza region // Regional architecture and construction. 2013. N 1 (in Rus.).
- [16] Astrecov V.M. Geographical approaches to perspective planning zoning and functional zoning of planning areas on the example of the Moscow region: Abstract dis. cand. geog. loc. sciences. M., 1991. 7 p. (in Rus.).
- [17] Istomyna E.A., Cherkashin A.K. Application of mathematical methods and GIS-technologies in functional zoning of the territory // Landscape ecology and land-use planning. Novosibirsk: Publishing of SB RAS, 2000. P. 67-71 (in Rus.).
- [18] Burul T.N. Zoning of the territory of the Volgograd agglomeration according to the degree of anthropogenic load: Abstract dis. ... cand. geog. loc. sciences. Volgograd, 2005. 25 p. (in Rus.).
- [19] Ptudnicova N.G., Baryshnicova O.N., Functional zoning of recreational areas on the example of the transition zone of Altay // Earth science. 2009 (in Rus.).
- [20] Tulebayeva G.Zh. Legal nature, functional purpose of the Institute of land zoning // The collection of materials from the conference «Current law of the Republic of Kazakhstan: Problems of perspective trends». Astana, 2010 (in Rus.).
- [21] Melnicov N. Theoretical bases of classification of lands to categories and zoning of territories in the Russian Federation // Land law. 2013 (in Rus.).
- [22] Orlova I.V. Functional zoning of agricultural lands for the purposes of balanced nature management // Fundamental study. 2014. N 5-4. P. 783-788 (in Rus.).
- [23] Panchenco E.M., Diukarev A.G. Zoning of the territory of the Ob-Tomsk interfluvium according to the ecological and functional principle // Vestnik of Tomsk state university. 2015. N 394. P. 250-260 (in Rus.).
- [24] Beisembayeva A.B. Zoning of urban land in the Republic of Kazakhstan // International scientific and technical Internet conference «Real estate cadastre and monitoring of natural resources» (in Rus.).

**М. Н. Азбантаева<sup>1</sup>, Н. Б. Зинабдин<sup>1</sup>, А. Б. Сагынбаева<sup>1</sup>, О. Б. Мазбаев<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD докторант кафедры физической и экономической географии  
(Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан)

<sup>2</sup>Д.г.н., профессор кафедры физической и экономической географии  
(Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан)

### **ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФУНКЦИОНАЛЬНОГО ЗОНИРОВАНИЯ ТЕРРИТОРИИ**

**Аннотация.** Цель зонирования территории состоит в создании условий для удобного использования природных ресурсов, продуманного пространства. Оно заключается в рациональном делении местности на определенные части. Сегодня функциональные зоны имеются во всех городах мира. Все они располагаются в населенных пунктах с учетом их типа и назначения. Именно эти два показателя и берутся за основу при делении территории.

**Ключевые слова:** дифференциация, концентрационные, природно-ресурсный потенциал, рекреация, функциональное зонирование, функция территории.

**M. N. Azbantayeva<sup>1</sup>, N. B. Zinabdin<sup>1</sup>, A. B. Sagynbayeva<sup>1</sup>, O. B. Mazbayev<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD student of the department of physical and economic geography  
(L. N. Gumilyov Eurasian national university, Nur-Sultan, Kazakhstan)

<sup>2</sup>Doctor of sciences in geography, professor of the department of physical and economic geography  
(L. N. Gumilyov Eurasian national university, Nur-Sultan, Kazakhstan)

### **THEORETICAL BASES OF FUNCTIONAL ZONING OF THE TERRITORY**

**Abstract.** The purpose of zoning is to create a convenient use of natural resources, thoughtful space. Its main advantage lies in the rational division of the area into certain parts. Today functional areas are available in all cities of the world. All of them are located in settlements, based on the type and purpose. These two indicators are taken as a basis for the division of the territory.

**Keywords:** concentration, differentiation, functional zoning, natural resource potential, recreation, territory function.



Н. Б. Зинабдин<sup>1</sup>, Ф. Ж. Акиянова<sup>2</sup>, О. Б. Мазбаев<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Физикалық және экономикалық география кафедрасының PhD-докторанты  
(Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

<sup>2</sup>Г.ғ.д., профессор, География және табиғат пайдалану институтының директоры  
(«Астана» халықаралық ғылыми кешені, Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

<sup>3</sup>Г.ғ.д., физикалық және экономикалық география кафедрасының профессоры  
(Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

## ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЗОНАЛАУ МАҚСАТЫНДА СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІ АТЫРАУЫНЫҢ ТАБИҒАТ ЖАҒДАЙЛАРЫН ТАЛДАУ

**Аннотация.** Кез келген аумақты табиғат пайдалану режимдері бойынша функционалдық зоналау сол аумақтың табиғат жағдайларын жан-жақты талдау мен сол жердегі табиғи процестерді ескеруге негізделеді. Ол әсіресе табиғаты ерекше, бірегей аумақтар мен антропогендік әсерге тұрақтылығы төмен аумақтар үшін аса маңызды. Мақалада табиғи экологиялық жүйелердің бұзылуы, флора мен фаунаның тозуы орын алған және қолайсыз экологиялық ахуал салдарынан халықтың денсаулығына елеулі зиян келтірілген Арал өңірі экологиялық апат аймағына жататын Сырдария өзені атырауының табиғат жағдайларына талдау жасалды. Аумақты функционалдық зоналау мақсатында табиғат жағдайларына сипаттама беріліп, жекелеген компоненттер бойынша (климаты, жер бедері, топырағы мен жер ресурстары, жер беті және жерасты сулары, өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесі) аумақтың ерекшеліктері көрсетілді.

**Түйін сөздер:** Арал теңізінің құрғаған табаны, жер бедері, климат, өсімдік және жануарлар дүниесі, Сырдария өзені атырауы, табиғат жағдайлары, топырақ-жер ресурстары.

**Кіріспе.** Жаһандық және аймақтық тұрақты дамуға адамзатты және оның шаруашылық әрекеттерін биосфераның табиғи даму заңдылықтарына бейімдеу арқылы ғана қол жеткізуге болады. Нақты бір аумақтың табиғат жағдайларын талдау мен оны функционалдық зоналаудың белгілі бір логикалық схемасын талап ететін табиғат пайдалану стратегияларының географиялық аспектілерін әзірлеу бұл мәселенің оң шешімін табуға көмектеседі.

Кез келген аумақты табиғат пайдалану режимдері бойынша функционалдық зоналау сол аумақтың табиғат жағдайларын жан-жақты талдау мен сол жердегі табиғи процестерді ескеруге негізделеді. Ол әсіресе табиғаты ерекше, бірегей аумақтар мен антропогендік әсерге тұрақтылығы төмен аумақтар үшін аса маңызды.

*Зерттеу нысаны* ретінде алынған Сырдария өзені атырауы – табиғат жағдайлары бірегей, адамның шаруашылық әрекеттеріне тұрақтылығы төмен аумақтардың бірі. Сонымен қатар табиғи экологиялық жүйелердің бұзылуы, флора мен фаунаның тозуы орын алған және қолайсыз экологиялық ахуал салдарынан халықтың денсаулығына елеулі зиян келтірілген экологиялық апат аймағы ретінде жарияланған. Өлімнің тұрақты өсуі, экологиялық себептерге байланысты амалсыздан көшіп кету, айналадағы табиғи ортада ластаушы заттар шоғырлануының жол берілетін шекті нормативтерден халық өміріне қауіп төндіретін мөлшерде асып кетуі, экологиялық жүйенің толық күйреуі және олардың өздігінен қалпына келу қабілетін жоғалтуы, су объектілерінің ғасырлар бойы ауытқудан асып түсетін апатты жағдайда тайыздауы экологиялық апат аймағы шекарасын белгілеудің негізгі өлшемдері ретінде алынған [1].

Сырдария өзені атырау аумағының экологиялық-жай-күйін сақтау, жақсарту және ұтымды табиғат пайдалану мақсатында жүргізілетін функционалдық зоналау жұмыстарында келесі факторлар басты назарда болуы тиіс:

табиғи-ресурстық әлеуеті;

аумақтың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайлары;

экологиялық жай-күйі.

Сырдария өзені атырау аумағы мен Арал өңірінде экологиялық мәселелердің ушыға түсуі жаһандық масштабқа ие боп отыр. Осыған байланысты зерттеу аумағында табиғат пайдалануды қазіргі табиғат жағдайларына байланысты реттеу аумақты экологиялық қолайлы құрылымға

айналдыру үшін үлкен маңызға ие. Аумақтың қазіргі табиғат жағдайларын талдау нәтижесінде алынған материалдар аумаққа функционалдық зоналау жүргізудің алғышарты саналады.

Аумақтың табиғат жағдайлары Н. Ф. Реймерс бойынша [2] өндірістік күштердің қазіргі сәттегі даму деңгейінде қоғамның өмірі мен әрекеті үшін маңызды, бірақ адамның материалдық, өндірістік және өндірістік емес әрекетіне тікелей қатыспайтын табиғат денелері мен күштері (мысалы, жер бедері, климат, географиялық орналасу ерекшеліктері және т.б.). Табиғат жағдайлары өндірісті орналастыруға, халықты қоныстандыруға, ауылшаруашылығын дамытуға, ерекше қорғалатын аумақтар құруға және т.б. табиғатты тиімді пайдалану әрекеттерін жоспарлауда зор маңызға ие.

Табиғи-шаруашылық жүйелерді тұрақты басқарудың аумақтың табиғи-ресурстық әлеуетін шаруашылықта тиімді пайдалануды үйлестіру қағидаларына негізделген ғылыми әдістерінің бірі – аумақты функционалдық зоналау. Ол – аумақты оңтайландыру мен тиімді пайдалану бойынша іс-шаралар кешенін әзірлеу мақсатында оларды табиғи жағдайлары мен шаруашылықта пайдалануы бойынша салыстырмалы біртекті учаскелерге бөлу. Функционалдық зоналау қазіргі табиғат пайдалану жағдайдарын талдау мен табиғи орта компоненттерін сипаттау, аумақтың әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жай-күйін талдаудан басталады [3]. Мақсатқа жету үшін табиғат пайдалану типтері зерттеледі және картографияланады, табиғи ортаға әсері бойынша жіктеледі, экологиялық шиеленістер анықталып, себептеріне талдау жүргізіліп, оңтайлы шешімдер іздестіріледі. Зерттеудің ақтық нәтижесі аумақты пайдаланудың тиімді нұсқасын айқындау, пайдалану сипатын өзгертуді қажет ететін зоналарды бөліп көрсету болуы тиіс. Осы себепті, зерттеу мақсаты – Сырдария өзені атырауын функционалдық зоналау үшін аумақтың қазіргі табиғат жағдайларына компоненттері бойынша талдау жүргізу.

**Материалдар мен әдістер.** Әдістемелік тұрғыдан Сырдария өзені атырау аумағының қазіргі табиғат жағдайларын талдау үшін табиғи ортаның келесі компоненттеріне сипаттама жасалды және тақырыптық карталар құрастырылды: климаты, жер бедері, топырақ-жер ресурстары, су жағдайы, өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесі.

Зерттеу жұмысына Казгидромет РМҚ, Қызылорда облысы әкімдігінің түрлі басқармалары, Арал және Қазалы аудандық жер қатынастары бөлімдерінің мәліметтері, ҚР БҒМ География институтының жарияланған және автордың қатысуымен жүргізілген далалық зерттеу жұмыстарының мәліметтері, сондай-ақ қолжетімді электрондық ресурстардан алынған ғарыштық суреттер мен ГАЖ-технологиялар пайдаланылды.

*Климаты.* Сырдария өзені атырау аумағындағы метеорологиялық бақылаулар Арал теңізі, Құланды, Қазалы және Кәукей метеостанцияларында (МС) жүргізіледі. Климаттық жағдайларды талдауда көрші аудандарда орналасқан Жосалы, Қарақ, Қызылорда МС мәліметтері де пайдаланылды. Аумақтың қазіргі климаттық жағдайларын анықтау үшін соңғы отыз жылдық метеорологиялық элементтердің орташа айлық көрсеткіштері алынды.

Зерттеу аумағында жиынтық күн радиациясының жылдық көрсеткіші ашық күндері  $7152 \text{ МДж/м}^2$ , орташа бұлттылық кезінде  $6058 \text{ МДж/м}^2$ . Мұндай жағдайда мүмкін болатын күн радиациясының  $84\%$  жер бетіне түседі. Көпжылдық орташа күн сәулесі түсетін сағаттар саны Арал теңізі МС 2918 сағат, Қазалы МС бойынша 2876 сағат. Ең көп күн шуақты айлар маусым, шілде және тамыз айлары, орташа алғанда күніне 11,7–12,2 сағат. Минимум желтоқсан айына сәйкес келеді, күніне орташа 4,4–4,7 сағат. Жыл бойына күн түспейтін күндер саны орташа 40 тәулікті құрайды.

Маусымдар бойынша және жылдық орташа атмосфералық қысым МС теңіз деңгейінен қаншалықты биік орналасқандығына байланысты әр түрлі таралады. Ең төмен орналасқан (64 м) Арал теңізі МС ең жоғары атмосфералық қысым байқалған – 1011 гПа, және керісінше салыстырмалы биік орналасқан (130 м) Қызылорда МС ең төменгі көрсеткішке ие – 1003 гПа.


Зерттеу аумағында солтүстіктен оңтүстікке қарай ауа температурасы жоғарылай түседі. Арал теңізі МС аумағында орташа жылдық ауа температурасы  $8,6^\circ\text{C}$ -ді құраса, Қазалыда –  $9,2^\circ\text{C}$ , яғни  $0,6^\circ\text{C}$ -қа жоғары. Арал мен Қазалыда жазда айтарлықтай ыстық, шілдедегі орташа ауа температурасы  $27,5^\circ\text{C}$ , ал қыста суық, қаңтардың орташа ауа температурасы минус  $9,8$ – $11,5^\circ\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Ауа температурасының тәуліктік амплитудасы жылдың суық кезеңіне қарағанда жылы кезеңінде көбірек. Қазалыда Аралға қарағанда ауа температурасының тәуліктік амплитудасы

жоғарырақ. Мысалы, Қазалыда ең жоғарғы мөлшері қыркүйекке (15,1 °С), ал ең төменгі желтоқсанға (7,6 °С) сәйкес келеді.

Абсолюттік максималды ауа температурасы 1984 жылы тіркелген. Арал теңізі МС 45,0°С, Қазалы МС 44,0°С. Абсолютті минималды ауа температурасы 1969 жылы тіркелген, Арал теңізі МС -38,0°С, Қазалы МС -36,0°С.

Зерттеу аумағында орташа жылдық салыстырмалы ауа ылғалдылығы шамамен 60%. Бұл Сырдария өзені атырау аумағында ауаның біршама құрғақтылығын көрсетеді. Әсіресе, жаз айларында ауа өте құрғақ боп келеді, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы шамамен 40%, және ол өз кезегінде булану көлемінің ұлғаюына әкеледі. Жылдық суық кезеңінде ауа ылғалдылығы жеткілікті дәрежеде жоғары, әсіресе қыста, шамамен 80% жетеді.

Арал маңында жауын-шашын мөлшері өте аз, жылына орташа 130 мм. Мұнда жауын-шашын мөлшерінің ендік бағытта таралуы байқалады, яғни жылдық жауын-шашын мөлшері оңтүстіктен солтүстікке қарай өседі. Жауын-шашын түсуінің 2 максимумы сәуір және қараша айларында байқалса, минимум шілде және тамыз айларына сәйкес келеді (1-сурет).



1-сурет – Көпжылдық орташа айлық жауын-шашын мөлшері

Атыраулық аумақта тұрақты қар жамылғысы орташа желтоқсанның 20 жұлдызынан бастап қалыптасып, наурыздың 20 жұлдызына қарай бұзыла бастайды, 73-90 тәулікке созылады.

Мұнда жыл бойына айтарлықтай желді боп келеді. Жазда жел саябырлап, қыркүйекте ең төменгі көрсеткішке ие болса, одан ары қыста күшейе түсіп, ең жоғары көрсеткішіне сәуір айында ие болады. Орташа жылдық жел жылдамдығы бойынша Аралда– 4,7 м/с, Қазалыда– 2,1 м/с.

Арал қаласы маңында климат шұғыл континентті, ал Қазалы қаласы маңында континентті. Адам өмір сүруі үшін Арал және Қазалы аудандарының климаты жазы ыстық, қысы қоңыржай қатаң ретінде сипатталады.

*Жер бедері.* Зерттеу ауданында аллювийлік, көлдік-аллювийлік, аллювийлік-пролювийлік және аллювийлік-атыраулық жазықтар, Сырдария өзенінің түрлі жастағы атыраулары, көлемді аумақты алып жатқан эолдық жазықтар және Арал теңізінің құрғаған табанының бірінші теңіздік жазықтар жүйесі аккумулятивтік жазықтар біршама кең таралған (2-сурет).

Жер бедерінің көлдік типі Сырдария өзені аңғары мен атыраудағы ойпаңдарда кішігірім учаскелер түрінде кездеседі. Шұңқырлардың түбі қазіргі көлдік және сор шөгінділермен толтырылған. Ойпаң шұңқырлардың аумағы жүздеген метрден 2–3 км-ге дейін. Түбі жайпақ, беткейлері жайпауыт, жыру тереңдігі 2–3 м. Бедер жасы – қазіргі.

Сырдария өзенінің Қазалы атыраулық жазығы тегіс, Арал теңізі деңгейінен сәл биік жер бетімен сипатталады. Көп бөлігін өтуге қиын, батпақтанған, қамыс өскен учаскелер мен өзен тармақтары алып жатыр. Сырдария өзенінің Қазалы атырауы борпылдақ төрттік шөгінділерден құрылған. Аңғар беткейлері жайпауыт, палеоген жыныстарының жер бетіне шығып қалатын учаскелерде биіктігі 10 м-ге дейін жететін кертпештер байқалады [4].



ЖЕР БЕДЕРІНІҢ ТИПТЕРІ МЕН ПІШІНДЕРІ

ЖЕР БЕДЕРІНІҢ ДЕНУДАЦИЯЛЫҚ ТИПІ

құрылымдық-денудациялық жазық  
көлбеу жоғары белесті (20 м-ден жоғары)  
көлденен құрылым негізімен

Денудациялық жазық  
көлбеу орташа белесті (10-20 м)  
көлденен құрылым негізімен

көлбеу төмен белесті (10 м-ге дейін)  
көлденен құрылым негізімен

ЖЕР БЕДЕРІНІҢ АККУМУЛЯЦИЯЛЫҚ ТИПІ

Аккумулятивтік жазық

Теңіздік

алғашқы еңістелген, тілімденбеген

алғашқы еңістелген,  
арасында өлсіз тілімденген

еңістелген, сорлар мен суффузиялық ойлармен  
өлсіз тілімденген, жағалаулық белдермен бірге

Көлдік, көлдік-аллювийлік, аллювийлік-атыраулық

көлдік еңістелген ойпаң, тілімденбеген

көлдік-аллювийлік еңістелген ойпаң,  
өлсіз тілімденген, 10 м-ге дейін

Эолдық жазық

қырқалы

қырқалы-төбешікті-ұяшықты төмен, 10 м-ге дейін

төбешікті-ұяшықты бектілген,  
жартылай бекітілген

төбешікті-шағылды төмен, 10 м-ге дейін

тегіс (құмды плац)

Дельтавийлік, дельтавийлік-пролювийлік жазық

дельтавийлік-пролювийлік  
илген, еңістелген

ЖЕР БЕДЕРІ ПІШІНДЕРІ

абразиялық (беткі клифтер), тік,  
тілімденген беткейлер мен көртпештер

ірі өзендер жайылмасы

жайылмалар және жайылмаусті террасалар

уақытша ағын арналары

сорлар, сортаңдар

тақырлар

2-сурет – Аумақтың геоморфологиялық картасы (фрагмент)

Аңғардың ені тар учаскелерінде – 2 км, кенейген тұстарында 12–15 км-ге дейін жетеді. Сырдария өзені арнасы иректелген, кей жерлерде бірнеше тармақтарға бөлініп кетеді, арна ені 100–300 м аралығында. Өзеннің сабалық кезеңдегі тереңдігі 4–6 м. Суы лайлы, қалқыма бөлшектер мөлшері жоғары. Биіктігі сабалық деңгейден 1,5–2,0 м болатын, қамыс өскен енді жайылмамен сипатталады.

Сырдария өзені аңғары мен атырау аумағы ежелден тұрғылықты мекендеу орны болғандықтан геоморфологиялық картада антропогендік-трансформацияланған бедер типтері мен пішіндері көрсетілген. Эолдық жазықтарда қыстаулар мен құдықтар орналасқан аумақтарда жылжымалы құмдардың қалыптасуына әкелетін дефляциялық процестердің белең алуы айқын көрінеді. Сырдария өзені атырауында, әсіресе суармалы жерлерде қарқынды антропогендік әсер байқалады. Эолдық процестердің Бөген, Аралқұм, Кәукей сияқты елді мекендер маңында қарқынды күшейткенін ерекше айта кету керек.

**Топырағы және жер ресурстары.** Жалпы ортақ қабылданған жіктемеге [5] сәйкес және аймақта жүргізілген зерттеулер нәтижелерін [6-10] ескере отырып, зерттеу аумағында 22 топырақ типі кездесетіндігі анықталды. Топырақтардың кеңістіктік таралуы зерттеу аумағының топырақ





Т О П Ы Р А Қ Т И П Т Е Р І

1	Қалыпты шөлдік құба	12	Жайылмалық шалғанды-батпақтық
2	Тұзданған шөлдік құба	13	Тұзданған батпақтық
3	Тұзданбаған шөлдік сұр құба	14	Сор шөлдік сортаңдар
4	Тұзданған шөлдік сұр құба	15	Тақырланған сортаңдар
5	Сортаңдау шөлдік сұр құба	16	Шалғынды сорлар
6	Аз дамыған шөлдік сұр құба	17	Теңіз маңындағы сорлар
7	Тақырлар	18	Өлсіз бекітілген шөлдік жазықтық құмдар
8	Жайылмалық шалғындық	19	Өлсіз бекітілген шөлдік тебешікті құмдар
9	Құрғап кететін жайылмалық шалғындық	20	Бекітілген шөлдік құмдар
10	Тұзданған шалғанды-батпақтық	21	Жер бетіне шығып қалған неоген-палеоген шөгінділері
11	Кеуіп кететін шалғанды-батпақтық	22	Антропогендік топырақ-грунттары

3-сурет – Аумақтың топырақ картасы (фрагмент)

картасында көрініс тапқан (3-сурет). Зерттеу аумағында шөлдің құба топырақтары тұзданбаған, тұзданған және сортаңданған түрде кездеседі.

*Қалыпты шөлдік құба топырағында*  $CO_2$  мөлшері 2,5–5 % құрайды, органикалық заттар өте аз мөлшерде (мөлшері 0,5–1,0 % дан артпайды). Азоттың жиынтық мөлшері 0,02–0,06%. Тұнбалы фракция мен ғумустың салыстырмалы аз мөлшері сіңіру сыйымдылығының төмен болуына (100 г топырақта 6–15 мг-экв.) жағдай жасайды. Механикалық құрамы бойынша жеңіл (құмдақты) топырақ басым.

*Тақырлар* негізінен бедердің теріс элементтерінде – атмосфералық жауын-шашынды, айналадағы биіктеу жерлерден шайылатын қатты минералдық заттар мен еритін тұздарды аккумуляция жасаушы тұйық депрессиялар мен дала көлдеулерінде қалыптасады. Беткі жағында топырақ карбонатты,  $CO_2$  мөлшері 2–3-тен 8–10 %-ға дейін жетеді. Гумуска жұтаң – (0,4–0,5 %). Механикалық құрамы сазды.

*Жайылмалық шалғынды топырақтар* Сырдария өзені тармақтарының жайылмалық және төменгі жайылмаүсті террасаларында топырақ жамылғысының үстем элементі саналады. Грунт сулары 2–4 м тереңдікте жайғасады. Сырдария арнасынан қашықтаған сайын және грунт сулары деңгейінің төмендеген сайын аталған топырақтар жайылмалық шалғындық құрғап кететін топырақтарға ауыса бастайды. Жайылмалық шалғынды топырақтардың беткі горизонтында ғумус 2–3% құраса, тереңге қарай күрт азаяды. Гумустық горизонт қалыңдығы топырақтың мезо- және микробедерде жатысына қарай айтарлықтай өзгереді, бірақ, әдетте көп емес, 30–40 см-ді құрайды. Топырақтар беткі жағында карбонатты.



*Жайылмалық шалғынды-батпақты топырақтар* төменгі, су тасу кезінде су басып қалатын жайылмалық террасалардың бедер элементтерінде ғрунттық сулар жер бетіне жақын жағдайда дамиды.

*Күріштік-батпақты топырақтар* үнемі су басу жағдайында қалыптасады. Күріш егістігіне күріш дақылын өсіру технологиялары әсерінен күрт өзгерістерге ұшырайтын шалғындық, шалғындық-батпақты, батпақты, тақыртәріздес топырақтар пайдаланылады. Су басқан кезде олар нығыздалады, тұздары сумен шайылғандықтан қопаланады. Үздіксіз су астында тұру уақыты 90 күннен 110 күнге дейін. Грунт сулары деңгейі жыл бойы айтарлықтай өзгерістерге ие, максимум көктемде – 2,5 м. Суару кезінде ғрунт сулары жоғарыға көтеріледі. Күріштік-батпақты топырақтарды судың астында жатуын тоқтатқан кезде, көп жағдайда олар екінші ретті сорларға айналады.

Зерттеу аумағында биіктеу аумақтардан еріген сулармен келетін, сондай-ақ қарқынды булану себебінен ғрунттық-капиллярлық ылғалдың, онымен бірге тез еритін тұздардың көтеріле тасымалдануы есебінен тұздардың жиналуына қолайлы орта ретінде сипатталатын аз құрғатылған беттерде қалыптасқан *сорлар* өте көп кездеседі. Сорлардың диагностикалық көрсеткіші ретінде профильдің бетінен бастап қатты тұздануы (1%-дан жоғары) саналады.

**Жер беті және жер асты сулары.** Зерттеу аумағының су ресурстарын қамтитын су қоры жерлері 2164,8 мың ға, оның 99,5% (2155,9 ға) Арал ауданы аумағының су қоры жерлеріне тиесілі. Бұған алдымен Кіші Арал теңізі, Сырдария өзенінің қазіргі атыраулық тармақтары, сонымен қатар Қамыстыбас, Ақшатау, теңізмаңы онжағалаулық, теңізмаңы солжағалаулық, Айдаркөл атыраулық көлдер жүйелері жатады.

Сырдария өзені бастауын Қазақстаннан тыс Тянь-Шань тауларынан алады; оның ұзындығы 2137 км, алап ауданы 462 мың км<sup>2</sup> [11]. Өзенінің Қазақстан аумағындағы ұзындығы 1630 км, қазіргі атырау аумағындағы ұзындығы – 189 км. Бұрын әлемдегі ауданы бойынша әлем төрттігіне енген Арал теңізіне құйса, теңіз деңгейінің апаттық төмендеуінен және теңіздің екіге бөлініп қалуынан бастап (1989 ж.), өзен Үлкен Арал теңізінен Көкарал бөгені арқылы бөлінген Кіші Аралға құюда.

Кіші Арал теңізінің су беті ауданы 3310 км<sup>2</sup>, ағынсыз, су жинау ауданы 219 000 км<sup>2</sup>. Су массасы көлемі 28,2 км<sup>3</sup>, Балтық жүйесі бойынша теңіз деңгейінен биіктігі 42 м, ең терең жері – 18 м.

Атыраулық көлдер жүйесі ішінде ең ірісі ағынсыз Қамыстыбас көлі, су айдыны ауданы – 176 км<sup>2</sup>, жалпы су массасы көлемі 0,34 км<sup>3</sup>, абсолюттік биіктігі Балтық жүйесі бойынша 57 м, ең терең жері – 4 м, қоректенуі – Сырдария өзенінен, ғрунт сулары, қар, жаңбыр сулары есебінен.

Ақшатау көлі – ағынсыз көл, су беті ауданы 25,5 км<sup>2</sup>, су беті деңгейі Балтық жүйесі бойынша 53,3 м, ең терең жері 1,5 м, қоректену көзі – Сырдария өзені тармағы, ғрунт, қар, жаңбыр сулары.

Қатанкөл көлі – ағынсыз көл, су беті ауданы 30,3 км<sup>2</sup>, су беті деңгейі Балтық жүйесі бойынша 57 м, ең терең жері 2 м, су массасының жалпы көлемі – 0,025 км<sup>3</sup>, қоректену көзі – Сырдария өзені тармағы, ғрунт, қар сулары.

Атыраулық көлдердің даму ерекшеліктері – олардың Сырдария өзені сулылығы мен су ресурстарын шаруашылықта пайдалану деңгейіне, сондай-ақ климаттың өзгеруіне тікелей байланыстығында. Атыраулық аумақтағы көптеген майда көлдер жиі кеуіп қалады, тартылып қалу және кеуіп кету қаупі ірірек көлдерге де тән.

Жалпы алғанда, атыраудың көлдік жүйелерінде 53 су нысаны, оның ішінде 27 көл, 26 шаруашылық-экологиялық маңызы бар батпақты аумақ бар. Су-шаруашылық инфрақұрылымы ұзындықтары әр түрлі 54 табиғи және жасанды су ағындарынан, сондай-ақ 55 гидротехникалық су реттегіш құрылғылардан тұрады [11].

Жерасты сулары халықты шаруашылық және ауыз сумен қамтамасыз етуде, мал суаты үшін, жер суғаруға, бальнеологиялық мақсаттарға, өндірістік суды өндіруде шикізат ретінде айтарлықтай маңызға ие. ҚР инвестициялар және даму министрлігінің геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің Қазақстан кен орындарының анықтамалығына [12] сәйкес Сырдария өзені атырау аймағында жергілікті халық пен оның шаруашылық әрекеттерін сумен қамтамасыз ету мақсатында барланған бірнеше жер асты су кен орны бар. Олардың қатарына Арал, Байқожа және Сарыбұлақ жер асты су кен орындарын жатқызуға болады.

**Өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесі.** Сырдария өзені атырауының өсімдік жамылғысының түрлері мен таралуы Е. И. Рачковская редакторлығымен құрастырылған Қазақстан және

Орта Азия өсімдік жамылғысы картасын [13] негізге ала отырып, жерді қашықтықтан зерделеу мәліметтері көмегімен нақтылау арқылы сипатталды.

*Зоналық өсімдіктер* ылғалданудың автоморфты режимінде түрлі деңгейде тұзданған құба және сұр құба топырақты көтеріңкі жазықтарда қалыптасады. Жусанды және көпжылдық ақтікенді қауымдастықтармен сипатталады. Топырақты шөлдік боп келетін эолдық жазықтарға псаммофитті жусанды, псаммофитті астықтұқымдастар, псаммофитті жартылай бұталылар, псаммофитті бұталар қауымдастықтары тән. Зоналық өсімдіктер жыл бойына жайылымдар және отын ағаштары ретінде шаруашылық маңызға ие.

Мекен ортасы *жартылай гидроморфты өсімдіктер* бедердің теріс пішіндеріне және ойпаң жазықтарға тән және олар сорлар мен сортаңдарда өскен жартылай бұталы бұйырғын және сарсазан қауымдастықтармен сипатталады.

*Интрозоналық өсімдіктер* түрлі деңгейде тұзданған шалғындық және батпақты гидроморфты топырақтарда су факторы әсерінен қалыптасады және көл жағалаулары, өзен аңғарлары мен атырауларына тән. Аумақта сулы-батпақты жерлер өсімдіктерінің негізгі типтері – шөпті батпақтар, батпақты шалғындар, нағыз және ғалофитті шалғындар, шөлденген шалғындар, ірі дәнді шалғындар, бұталар мен тоғайлар кездеседі.

*Шөпті батпақтар* немесе қамыстарарналық және көлдік ойпаңдарға, өзен тармақтарына тән, Сырдария өзені жайылмасы мен атырауындағы көлдердің басым көпшілігінің таяз суларында көптеп кездеседі.

Ірі тамыр сабақты астық тұқымдас қамыс құрақтарыбарлық жерде ландшафттық маңызға ие. Тұщы сулы суқоймаларда қамыстармен бірге қоға мен қауымдастықтарыкең таралған. Шөпті батпақтардың су асты ярусында суға батып тұратын өсімдіктер немесе макрофиттер бар. Кішігірім көлдерде сукеріктер мен су қарақұмығы топтары кең таралған. Таяз сулы шығанақтарда ауа-су макрофиттері кездеседі: шатырлы теңгемас, бақажалырақты кербезгүл, сабақты кірпібас. Шөпті батпақтар барлық жерде дерлік флоралық құрамының жұпынылығымен ерекшеленеді. Шөпті батпақтардың флоралық алуантүрлілігі суқоймадағы судың кеуін-құрғау процесі кезінде аздап ұлғаяды. Қамыс және қоға қауымдастықтары құрамында шанышпалы келтебас, тұзданған жерлерінде – теңіз түйнекөлені сияқты түрлер пайда болады. Шөпті батпақтардың ең үлкен аумақтары Қуаңдария, Ақсай-Қуаңдария және қамыстыбыс көл жүйелерінде. Сондай-ақ, шөпті батпақтардың кішігірім фрагментті учаскелері Тұщыбас, Лайкөл, Қамыстыбас көлдерінің суы таяз тұстарында кездеседі. Ең жоғары флоралық және фитоненоздық алуантүрлілік Райым, Жалаңашкөл көлдеріндегі шөпті батпақтарға тән. Эндемиктік түр – қазақстандық өлеңшөп өте сирек кездеседі. Ақшатау көлінде Қызыл кітапқа енген реликті эндемиктік түр – қалқымалысальвиниякездеседі.

*Батпақты шалғындар* шалғынды-батпақты топырақтарда жыл сайынғы қысқа уақыттық (15–20 күн) және жиі әрі ұзақ су басып тұратын, ғрунт суының деңгейі 1–2 м болғанда қалыптасады. Олар бедердің теріс пішіндеріне тән. Қауымдастықтар әдетте монодоминантты – қамысты. Суы құрғаған сайын құрғақ айрауық, түрлі шөптер, ал тұзданған топырақтарда – бір жылдық сораң мен қызыл алабұта қатары көбейе түседі. Батпақты шалғындар Ақсай-Қуаңдария көл жүйесінде су жайылмаларында және Сырдария сағасында кең таралған. Сулылығы азая бастағанда батпақты шалғындар нағыз және ғалофитті шалғындарға ауысады, шамадан тыс су басу кезінде шөпті батпақтарға ауысады.

*Нағыз шалғындар* аздап тұзданған шалғынды аллювийлік топырақтарда ғрунт суы деңгейі 1,5–3 м болатын, қысқа уақыттық су басу жиі болып тұратын жағдайда биіктеу жазықтарда қалыптасады. Олар Сырдария өзені жайылмасы мен сағасындағы тұздары шайылып кететін кішігірім учаскелерде аздап таралған.

Эдификаторларға көпжылдық, ұзын тамырлы дақылдар – жатаған бидайық, құрғақ айрауық және салалы қарашағыр жатады. Тұзданған топырақтарда ғалофитті дақылдар: нәзік ақмамық және сары қияқ, ал кебу-құрғау кезінде фреатофитті түрлі шөптер – орал қызыл миясы және жантақ субдоминант саналады. Ландшафт тұрақтандыру, топырақ қорғау функциясына ие өсімдіктер, ғумустың жиналуы экологиялық маңызға ие. Аңдар мен үй жануарларына жоғарғы өнімді табиғи жем-шөптік жерлердің, сапасы бойынша құнды шөптер мен құнарлы (8–16 ц/ға) шабындықтардың шаруашылықта маңызы зор.

*Шөлденген шалғындар* батпақты және нағыз шалғындардың сукцессиялық сатысы саналады, және жер бетін су басу тоқтап, ғрунт суының тереңдігі 3 м-ден асқан жағдайда қалыптасады. Бұл қауымдастықтарда доминант ролін қызылмия, каспий ақбасшөбі, сортаң айбатмия және жантақ секілді фреатофитті түрлі шөптер атқарады. Субдоминантты өсімдіктер – тұзға тұрақты дақылдар. Аумақта одан әрі ылғал азайғандаақ шеңгел, түктіаталық тікенбұта сияқты бұталар көбейеді, ал тұздану деңгейі жоғарылаған кезде қарабарак, жыңғыл мен ұсақжапырақты ақсора қатары жиілейді.

*Галофитті шалғындар* шалғынды сорларда ғрунт суы жерге жақын (1,5–2,5 м) болған жағдайда қалыптасады және кішігірім аумақтарды алып жатады. Эдификаторлары – галофитті дақылдар: сортаң ажырық, нәзік, ұзынқабыршақ ақмамық. Арасында құрамында аздаған бір жылдық қызыл сораң мен кермексабыны бар сирек қауымдастығы кездеседі. Қамысы басым галофитті шалғындардың кішігірім учаскелері Тұщыбас көлі жағалауы мен Сырдарияның сағасында байқалады. Экологиялық функцияға ландшафт тұрақтандырушы өсімдіктер, жабайы аңдар мен құстардың мекендеу ортасы және жем-шөп базасы ие, ал өнімділігі 5–8 н/ға болатын кейбір шабындықтар шаруашылық маңызға ие.

*Бұталы өсімдіктер* жайылмалық шалғындардың пайдаланудан алынып тасталған ауыл-шаруашылық жерлерінің шөлдену және екінші рет тұздану процесі нәтижесінде болатын сукцессиялық сатысы саналады. Олар сонымен бірге суғару алқабының әсер ету зонасында және каналдардың борттарында жер асты су басуы жағдайында да қалыптасады. Суы тұзды көлдер айналасында төмпек сарсазан мен сор шытыр сияқты жартылай бұталы өсімдіктер таралған. Ландшафт тұрақтандырушы өсімдіктер, су қорғау, аңдар мен құстардың мекендеу ортасы және жем-шөп базасы, топырақ құнарлылығын қалпына келтіру шаралары экологиялық функцияға ие, шаруашылық маңызға отын дайындау (жыңғыл, қарабарак), аңшылық жерлер ие.

Тоғайлар – шөл және шөлейт аймақтардың жайылмалық ағашты-бұталы және бұталы өсімдіктер өсетін орман. Зерттеу аумағында басым шөл терегі – тораңғы өсетін тоғайлардың кішігірім учаскелері Сырдарияның сол жағалық жайылмасында жатқан Қотанкөл көлі маңында кездеседі. Құрамында талдар, жыңғыл басым, жекелеген жиде ағаштары мен ақ айрауық кездесетін бұталы тоғайлардың жінішке жолағы Сырдария жайылмасы мен сағасында фрагментті түрде таралған. Мұнда экологиялық функцияға ландшафт тұрақтандырушы өсімдіктер, су қорғау, жабайы аңдар мен құстардың мекендеу ортасы және жем-шөп базасы, топырақ құнарлылығын қалпына келтіру шаралары ие, шаруашылық маңызға рекреациялық зоналар мен аңшылық жерлер ие.

Фауна құрамында Қазақстанда кездесетін 11 қосмекенділердің екеуі, 51 бауырымен жорға-лаушылардың 30 түрі зерттеу аумағында кездеседі.

Зерттеу аумағындағы құмды массивтерде тарақсаусақты жармасқы мен жалтырауық жармасқы, батбат кесірт мен құм жұмырбас кесірт, бұлаңқұйрық жұмырбас кесірт, торлы кесірт, құм айдаһаршасы сияқты псаммофилді түрлер мендала тасбақасы, жалаңаяқ сұр жармасқы, каспий жармасқысы, дала ешкімері, шапшаң кесірт, ұзынжолақ кесірт, орташа кесірт, шығыс айдаһаршасы, оқ жылан, өрнекті қара шұбар жылан, қалқантұмсық жылан сияқты эврибионттар мекен етеді.

Сазды, сазды-шақпатасты жазықтар мен сортаңдарға дала тасбақасы, дала ешкімері, тақыр батбаты, түрлі түсті және шапшаң кесірт, сондай-ақ жоғарыда айтылғандай, құмдарда мекендейтін эврибионт жыландардың түрлері де тән.

Жазықтың басым жусан өскен құмдақты-саздақты учаскелерінде кесірткелерден шапшаң кесірт жиі кездеседі, жыландардан шығыс айдаһаршасы, оқ жылан, қалқантұмсық жылан мекен етеді, бірақ олардың саны салыстырмалы аз.

Түрлі ландшафттардағы зоналық экожүйелерде ең көп тараған кесірткелер: құмдарда – дала ешкімері, құм батбаты, ұзынжолақ кесірт; сазды және құмдақты-сазды жазықтарда – дала ешкімері, тақыр батбаты, түрлі түсті және шапшаң кесірт. Барсакелмес өңірінде қалқантұмсық жыланның жоғары тығыздығы сақталып отыр [14]. Теңіздің құрғаған табанының фондық түрлері түрлі-түсті кесірт, шапшаң кесірт пен тақыр батбаты саналады.

Сырдария өзені атырауындағы интразоналық биотоптарда көлбақалар көптеп, жасыл құрбақа мен сужылан орташа, өрнекті қара шұбар жылан арагидік кездеседі. Сырдария өзені атырауындағы

көлдерде өрнекті қара шұбар жылан мен сужыланның жиі кездесуі бұл түрлерді саны көп түрлер ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Елді мекендер маңында шапшаң кесірт пен түрлі-түсті кесірт, шығыс айдаһаршасы мекен етеді. Мал тұяғымен тапталған құмдар мен үрленбе құмдар құлақты батбат, бұлаңқұйрық батбат, торлы кесірт пен ұзынжолық кесірт сияқты кесірткелердің псаммофильді түрлерінің тіршілік ету ортасына айналған. Су ұңғымалары, су мұнаралары мен құбырлары маңдарында жайылған су – жасыл құрбақаның уылдырықтарын шашып, дернәсілдерін өсіру орындары, ал суғару жүйесі арналарында көлбақалар мен сужыландар мекен етеді. Сырдария өзені атырауы аумағындағы ғерпетологиялық қауымдастықтардың көптеген түрлері антропогендік экожүйелерде тіршілік етуге бейімделген.

Атырау аумағында кездесетін құстар фаунасы 298 түрді құрайды, олардың 151 түрі (50,6%) мигрант құстар, 140 түрі – (47,0%) – ұя салатын, 7 түрі (2,4%) – сирек ұшып келетін құстар. Ұя салатын құстардың көбі шөл, сулы-батпақты және тоғай кешендерінің өкілдері саналады. Жыл құстарының алуан түрлілігі аумақтың географиялық орнына байланысты. Зообентосқа бай теңіздік және көлдік тайыз сулардың фламинго, жалбағай, аққу, бірқазан, шағала, және арктикалық шалшықшы сияқты жылы жаққа қоныс аударушы құстардың түлеу және демалып, қоректену үшін тоқтау орындары ретінде маңызы өте зор.

Кіші Арал теңізінде көші-қон кезеңінде бір уақытта 50 мыңға дейін суда жүзетін және су маңын мекендейтін құстар аялдай алады. Осыған сәйкес, аумақ барлық параметрлері бойынша халықаралық критерийлерге сәйкес келеді. Құстар үшін жаһандық маңызға ие Сырдарияның сулы атырауы мен Кіші Аралдың оған іргелес акваториясы Қазақстанның негізгі орнитологиялық аумақтарының халықаралық тізіміне (IBA) енген [15]. Бұл аумақтар қорғау қамтамасыз етілген жағдайда, құстарды ғана емес, жалпы биоалуантүрлілікті сақтауды қамтамасыз етуде маңызды зор болмақ. Тек Арал маңында ғана тіршілік ететін құстардан сырдария қырғауылы мекендейді.

Сырдария бойындағы талды-жиделі тоғайларды қырғауыл, мықи, аққұйрық субүркіт, жағалтай, кәдімгі күйкентай, түркептер, қылаң жапалақ, кәдімгі көкек, аққанат тоқылдақ, сауысқан, қара қарға, жалпаққұйрық бұлбұлша, қарабас құрқылтай, тоғай бұлбұлы, оңтүстік бұлбұлы, алабұлбұл және т.б. құстар мекендейді.

Сырдарияның сулы атырауының қоғалы қамысты және қамысты батпақтарында қазіргі уақытта кемінде 35 ұя салатын құстың түрі бар: кішкене сұқсыр, қарамойын сұқсыр, сұржақ сұқсыр, үлкен сұқсыр, сұр қаз, сыбырлақ аққу, қызылтұмсық сүңгуір, алакөз сүңгуір, барылдауық үйрек, қоңыр үйрек және т.б. Батпақты экожүйелерде қызғыш, шөпілдек, аққұйрықты тарғақ, қарабас шақшақай, алабұлбұл мекендейді.

Антропогендік жүйелерде 20-дан аса құс түрі кездеседі. Елді мекендерде көк кептер, қара сұрқарлығаш, қыстау қарлығашы, қарамойын шақшақай және т.б. ұя салады. [16].

Қазақстанның Қызыл кітабына [17] енген сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар құстардан енген 57 сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар құс түрінің 38-і, соның ішінде 13 ұя салатын және 25 мигрант құс түрі белгілі.

Зерттеу аумағында сүтқоректілердің 55 түрі мекендейді, бұл – Қазақстанда таралған сүтқоректілер түрлерінің 30,9%. Олардың ішінде кеміргіштердің 28 түрі, жыртқыштардың 11, қолқанаттылардың 6, жәндік жегіштердің 4, жұптұяқтылардың 3, қоянтәрізділердің 2, тақтұяқтылардың 1 түрі кездеседі [18, 19]. Териофауна құрамындағы ондатр мен құлан жерсіндірілген түрлер, қалғандары жергілікті фауна өкілдері саналады. Сүтқоректілердің ішінде түрлік қатынаста шөлдік түрлер аумақта басым.

Арал теңізінің құрғаған табанында негізінен аумақта таралған сүтқоректілердің фондық түрлері мекендей бастаған [20]. Бұлар, шөлдік түрлер: құмтышқандар (үлкен, кіші, қызылқұйрық және жыңғыл құмтышқандары), қосаяқтар (жүндес, кіші, тішқұлақты, Севернов қосаяқтары), құмқоян, кең таралғандары – сұр атжалман және қаптесер. Жыртқыш сүтқоректілерден борсық, сасық күзен, шұбар күзен, түлкі, қарсақ, шұбар мысық, тұяқтылардан – қарақұйрық, киік, қабан, құлан кездеседі. Құрғаған теңіз табанында сүтқоректілердің 30 түрі байқалған, оның 16 түрі – кеміргіштер отрядынан [21].

Антропогендік экожүйелерде елді мекендер мен басқа да шаруашылық нысандарымен байланысты мұртты жарқанат, қызғылт жарқанат, кәдімгі жарқанат, шөл жарқанаты, көпгүсті

жарқанат, Бобринский жарқанаты, қаптесер, сұр егеуқұйрық, кіші ақтісті жертесер, шибөрі, ақ қалақ тіршілік етеді.

Зерттеу ауданында ҚР Қызыл кітабына енгізілген сүтқоректілердің 8 түрі мекендейді [17]. Бұлар көптісті жертесер, Бобринский жарқанаты, шұбар күзен, шағыл мысығы, қарақұйрық, құлан, ергежейлі қосаяқ және Гептнер ұшсаусақты ергежейлі қосаяғы. Құлан «саны азайып бара жатқандар» статусымен ІІ санатқа жатқызылса, қалғандары ІІІ санат – «сирек түрлер» қатарында. Халықаралық табиғатты және табиғи қорларды қорғау одағының Қызыл тізіміне ақбөкен, қарақұйрық, шағыл мысығы және Гептнер ұшсаусақты ергежейлі қосаяғы енген.

**Қорытынды.** Сырдария өзенінің атырауы Қызылорда облысының Арал және Қазалы аудандары аумағында экологиялық апат аймағында орналасқан. Зерттеу барысында аумақтың табиғат жағдайлары жекелеген компоненттер бойынша талданды. Климаттық жағдайлары, геоморфологиясы, топырақ-өсімдік жамылғысы, жер беті және жер асты сулары, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің түрлерінің таралу ерекшеліктері бойынша мәліметтер базасы жинақталып, ГАЖ-технологиялар көмегімен картографияланды. Талдау нәтижелері – аумақтың табиғат жағдайларының жалпы сипаттамасы мен ерекшеліктері, жинақталған мәліметтер базасы, құрастырылған карталар бұдан ары аумақты функционалдық зоналауда пайдаланылады. Зерттеудің келесі кезеңдерінде аумақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайлары мен табиғи-шаруашылық жүйелердің экологиялық жай-күйіне талдау жасалып, табиғат пайдалану типтері мен конфликтті зоналар айқындалып, ГАЖ-технологиялар көмегімен функционалдық зоналау жүргізілмек, қорытындысында атырау аумағының экологиялық-жай-күйін сақтау, жақсарту және ұтымды табиғат пайдалану мақсатында аумақтың функционалдық зоналар картасы мен жүзеге асыру қажет іс-шаралар тізімі ұсыныс ретінде әзірленеді.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы ҚР 1992 жылғы 30 маусымдағы № 1468-ХІІ Заңы.
- [2] Реймерс Н.Ф. Природопользование: Словарь-справочник. – М., 1990. – 404 с.
- [3] Akiyanova F.Zh., Temirbayeva R.K., Bekkuliyeva A.A. Functional zoning of the Kazakhstan's part of the Caspian sea shore for optimization of nature management // Life Science Journal. – 2014. – Vol. 11, iss.10s. – P. 465-470.
- [4] Акиянова Ф.Ж., Медеу А.Р., Нурмамбетов Ә.И., Потапова Г.М., Сарсеков А.С. Геоморфология // Республика Казахстан. Т. 1: Природные условия и ресурсы. – Алматы, 2006. – С. 171-215.
- [5] Классификация и диагностика почв СССР. – М.: Колос, 1977. – 224 с.
- [6] Почвы Кызыл-Ординской области. – Алма-Ата: Наука, 1983. – 303 с.
- [7] Аханов Ж.У., Каражанов К.Д., Некрасова Т.Ф., Асанбаев И.К. Современное состояние, перспективы сохранения и использования почвенных ресурсов Приаралья // Изв. МН-АН РК. Сер. биол. – 1996. – № 3. – С. 40-46.
- [8] Боровский В.М., Погребинский М.А. Древняя дельта Сыр-Дарьи и Северные Кызыл-Кумы. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1958. – Т. 1. – 514 с.
- [9] Орлова М.А. Почвы современной (Казалинской) дельты Сыр-Дарьи // Изв. АН КазССР. Сер. почвоведения и ботаники. – 1958. – Вып. 2. – С. 3-48.
- [10] Якупова Н.Я., Каражанов К.Д. и др. Почвы Казалинского массива и перспективы их использования. – Алма-Ата: Наука, 1973. – 172 с.
- [11] Кипшакбаев Н., Шуттер Юп де и др. Восстановление экологической системы в дельте Сырдарии и северной части Аральского моря. – Алматы: «ЭВЕРО», 2010. – 220 с.
- [12] Справочник месторождений Казахстана // ҚР Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті сайты <http://geology.mid.gov.kz/kk>
- [13] Карта растительности Казахстана и Средней Азии (в пределах пустынной области). Масштаб 1:2 500 000 / Гл. ред. Е. И. Рачковская. – М., 1995.
- [14] Сатеев Г., Чирикова М.А. Новые сведения о герпетофауне Барсакельмесского заповедника // Труды Барсакельмесского государственного природного заповедника / Сост. Л. А. Димеева. – Алматы: Tethys, 2007. – С. 135-138.
- [15] Ключевые орнитологические территории Казахстана. – Алматы, 2008. – 318 б.
- [16] Березовиков Н.Н. Материалы к орнитофауне Малого Аральского моря, аванделты Сырдарьи, Камыстыбасской и Акчагауской озёрных систем // Русский орнитологический журнал. – 2014. – Т. 23, вып. 986. – С. 1065-1087.
- [17] Красная книга Республики Казахстан. Т. I. Животные. Ч. I. Позвоночные / Изд. 4-е, переработанное и дополненное. – Алматы, 2010. – 324 с.

- [18] Книга генетического фонда фауны Казахской ССР. – Алма-Ата, 1989. 216 с.  
[19] Млекопитающие Казахстана. – Алма-Ата, 1969-1985. – Т. I–IV.  
[20] Елисеев Д.О. Современное состояние фауны позвоночных острова Барсакельмес и ее динамика за последние 50 лет // Труды Барсакельмесского заповедника. – Алматы, 2007. – С. 107-128.  
[21] Мазин В.Н., Есжанов Б., Мусабеков К.С. Освоение млекопитающими обхошей акватории Аральского моря // Медицинские, социальные и экологические проблемы Приаралья. – Алма-Ата, 1992. – С. 123-124.

## REFERENCES

- [1] The law of the Republic Kazakhstan from 30 June 1992 No. 1468-XII “About social protection of citizens suffered from ecological disaster in the Aral Sea region (in Kaz.).  
[2] Reimers N.F. Environmental management: Dictionary-Handbook. M., 1990. 404 p. (in Rus.).  
[3] Akiyanova F.Zh., Temirbayeva R.K., Bekkuliyeva A.A. Functional zoning of the Kazakhstan's part of the Caspian sea shore for optimization of nature management // Life Science Journal. 2014. Vol. 11, iss.10s. P. 465-470 (in Eng.).  
[4] Akiyanova F.Zh., Medeu A.R., Nurmambetov E.I., Potapova G.M., Sarsenova A.S. Geomorphology // In The Republic of Kazakhstan. Almaty, 2006. Vol. 1. P. 171–215 (in Rus.).  
[5] Classification and Diagnostics of Soils of the Soviet Union. M.: Kolos, 1977. 224 p. (in Rus.).  
[6] Soils of Kyzyl-Orda region. – Alma-Ata: Science, 1983. 303 p. (in Rus.).  
[7] Akhanov Zh.U., Karazhanov K.D., Nekrasova T.F., Asanbayev I.K. Current state, prospects of conservation and use of soil resources of the Aral sea region // Izv. MN-AN RK. Ser. Biol. 1996. N 3. P. 40-46 (in Rus.).  
[8] Borovskiy V.M., Pogrebinskyi M.A. Ancient delta of the Syr-Dar'ya and North Kyzylkum. Alma-Ata: Publishing House of AS of KazSSR, 1958. 514 p. (in Rus.).  
[9] Orlova M. A. The modern Soil (Kazaly) Delta of the Syr-Darya // Izv. Of the KazSSR. Ser. Soil science and botany. 1958. Issue 2. P. 3-48 (in Rus.).  
[10] Yakupov N. I., Karajanov K. D. and other. Soils of Kazalinsk massif and perspectives of their use. Alma-Ata: Nauka, 1973. 172 p. (in Rus.).  
[11] Kipshakbaev N., Shoutter J. de and other. Ecosystem restoration in the Syrdarya delta and northern part of the Aral sea. Almaty: EVERO, 2010. 220 p. (in Rus.).  
[12] Directory of deposits of Kazakhstan // Committee of geology and subsoil use, Ministry of industry and infrastructural development of the Republic of Kazakhstan <http://geology.mid.gov.kz/kk> (in Rus.).  
[13] Map of vegetation of Kazakhstan and Central Asia (within the desert area). Scale 1: 2 500 000 / Editor-in-Chief E. I. Rachkovskaya. M., 1995 (in Rus.).  
[14] Satekeev G., Chirikov M. A New information about the herpetofauna of the Barsakelmessky Reserve // Proceedings of the Barsakelmessky State Nature Reserve / Comp. L. A. Dimeev. Almaty: Tethys, 2007. P. 135-138 (in Rus.).  
[15] Key ornithological territories of Kazakhstan. Almaty, 2008. 318 p. (in Rus.).  
[16] Berezovikov N.N. Materials for the ornitofauna of the Small Aral Sea, avandelts of the Syr Darya, Kamystybaszkaya and Akchatauskaya lake systems // Russian Ornithological Journal. 2014. Vol. 23, iIssue 986. P. 1065-1087 (in Rus.).  
[17] The Red List of Kazakhstan. Vol. I. Animals. Part I. Vertebrates / Ed. 4th, revised and enlarged. Almaty, 2010. 324 p. (in Rus.).  
[18] The book of the genetic fund of the fauna of the Kazakh SSR. Almaty, 1989. 216 p. (in Rus.).  
[19] Mammals of Kazakhstan. Alma-Ata, 1969-1985. Vol. I–IV (in Rus.).  
[20] Eliseev D.O. The current state of the fauna of the vertebrate islands of Barsakelmes and its dynamics over the past 50 years // Proceedings of the Barsakelme Nature Reserve. Almaty, 2007. P. 107-128 (in Rus.).  
[21] Mazin V.N., Eszhanov B., Musabekov K.S. The development of the dried water area of the Aral Sea by mammals // Medical, social and environmental problems of the Aral Sea region. Alma-Ata, 1992. P. 123-124 (in Rus.).

**Н. Б. Зинабдин<sup>1</sup>, Ф. Ж. Акиянова<sup>2</sup>, О. Б. Мазбаев<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>PhD-докторант кафедры физической и экономической географии  
(Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан)

<sup>2</sup>Д.г.н., профессор, директор Института географии и природопользования  
(Международный научный комплекс «Астана», Нур-Султан, Казахстан)

<sup>3</sup>Д.г.н., профессор кафедры физической и экономической географии  
(Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан)

## **АНАЛИЗ ПРИРОДНЫХ УСЛОВИЙ ДЕЛЬТЫ РЕКИ СЫРДАРИИ В ЦЕЛЯХ ФУНКЦИОНАЛЬНОГО ЗОНИРОВАНИЯ**

**Аннотация.** Функциональное зонирование любой территории по режимам природопользования основывается на всестороннем анализе природных условий данной территории и учете природных процессов на местности. Оно особенно важно для территорий с особой природой, уникальными территориями и территориями с низкой устойчивостью к антропогенному воздействию. Проведен анализ природных условий дельты



реки Сырдарии, относящейся к зоне экологического бедствия Приаралья, где произошли нарушение природных экологических систем, деградация флоры и фауны и нанесен значительный ущерб здоровью населения в результате неблагоприятной экологической обстановки. В целях функционального зонирования территории дается характеристика природных условий, показаны особенности территории по отдельным компонентам (климат, рельеф местности, почва и земельные ресурсы, поверхностные и подземные воды, растительный покров и животный мир).

**Ключевые слова:** осушенное дно Аральского моря, рельеф, климат, растительность и животный мир, дельта реки Сырдарии, природные условия, почвенно-земельные ресурсы.

**N. B. Zinabdin<sup>1</sup>, F. Zh. Akiyanova<sup>2</sup>, O. B. Mazbayev<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>PhD student of the Department of Physical and economic geography  
(L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan)

<sup>2</sup>Doctor of Sciences in Geography, professor,  
Director of Institute of Geography and Environmental Research  
(International science complex «Astana», Nur-Sultan, Kazakhstan)

<sup>3</sup>Doctor of Sciences in Geography,  
Professor of the Department of Physical and economic geography  
(L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan)

#### **ANALYSIS OF NATURAL CONDITIONS OF THE DELTA OF THE SYRDARYA RIVER TO THE FUNCTIONAL ZONING**

**Abstract.** Functional zoning of any territory according to the modes of nature management is based on a comprehensive analysis of the natural conditions of the territory and taking into account the natural processes on the ground. It is especially important for areas with special nature, unique territories and territories with low resistance to human impact. The article analyzes the natural conditions of the Delta of the Syrdarya river, belonging to the zone of ecological disaster of the Aral sea region, where there were violations of natural ecological systems, degradation of flora and fauna and caused significant damage to the health of the population as a result of adverse environmental conditions. For the purpose of functional zoning of the territory the characteristic of natural conditions is given, features of the territory on separate components are shown (climate, a relief of the district, soil and land resources, surface and underground waters, a vegetative cover and fauna).

**Keywords:** dry bottom of Aral Sea, relief, climate, vegetation and wildlife, the Delta of the river Syr Darya, natural conditions, soil and land resources.

Ж. О. Озгелдинова<sup>1</sup>, Г. Т. Оспан<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD, физикалық және экономикалық география кафедрасының доцент м.а.  
(Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

<sup>2</sup>PhD докторант, физикалық және экономикалық география кафедрасы  
(Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

## НҰРА ӨЗЕНІ АЛАБЫНЫҢ ЛАНДШАФТТАРЫН ТАБИҒИ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҚАЗІРГІ ҚҰРЫЛЫМЫНА ТАЛДАУ ЖАСАУ

**Аннотация.** Мақалада антропогендік әсер бойынша әдістемелік сұрақтар мен жіктемелер қарастырылады. Нұра өзені алабы аумағында табиғатты пайдалану құрылымы ұсынылған. Нұра өзені алабы аумағындағы ландшафттарды пайдаланудың қазіргі заманғы аумақтық құрылымының картасы 1: 500 000 масштабта орындалды.

**Түйін сөздер:** антропогендік әсер, геожүйе, ландшафт, табиғат, табиғатты пайдалану.

**Кіріспе.** Қоғамның шаруашылық қызметі табиғатқа белсенді әсер етеді. Адамдар табиғи аймақта өмір сүріп қана қоймай, табиғи кешендердің биогеохимиялық, геофизикалық құрамдас-тарын және олардың өзара байланысын өзгертеді. Бұл трансформациялар жаһандық және оларда пайдалы қазбаларды пайдалануда, жасанды минералдарды өндіруде және химиялық құралдарды қолдануда ғылыми-техникалық прогреске ие ерекше белгілері бар.

**Мәселенің қойылуы.** Мақаланың мақсаты Нұра өзені алабының ландшафттарының табиғи пайдаланылуының қазіргі құрылымын анықтап, талдау жасау. Нұра өзенінің ұзындығы 978 км-ді құрайды. Өзеннің алабы Қарағанды облысы мен Ақмола облыстары, Қарағанды, Теміртау сияқты ірі қалаларды қамтиды.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Табиғатты пайдалануды ретроспективті талдау нәтижелері бойынша Нұра өзені алабының табиғатты пайдаланудың аумақтық құрылымының картасы жасалды (сурет). Нұра өзені алабының ландшафттары С. П. Горшковтың антропогендік әсердің жіктелуіне сәйкес келесідей антропогендік әсердің түрлеріне ұшыраған.

**Пайдалы қазбаларды өндіру.** Нұра өзенінің алабы негізінен Қарағанды облысын және Ақмола облысының оңтүстігінің шағын бөлігін алып жатыр. Осы аймақтың шеңберінде ірі минералдық-шикізат базасы орналасқан. Нұра өзені алабының аумағындағы жетекші сала металлургия өнеркәсібі, көмір өндіру және металл өңдеу болып табылады.


Нұра өзені алабы аймағында Теміртау қаласынан солтүстік – шығысқа қарай 10 км жерде "Нұрқазған" мыс кен орны орналасқан. Кен орнын 2003 жылдан бастап жұмыс жасайды. Нұрқазғанның кенінің құрамында мыс, алтын, күміс, теллур, индий, палладий, платина кездеседі. Кен орнындағы игеру жұмыстарын ЖШС «Қазақмыс» атқарады.

Нұра өзені алабы аумағында тау-кен орнының 2 кен орны жақсы барланған. Солардың бірі Спасское, оны 1-кестеден көруге болады. Ол жерде пиррофиллит және тальктің кен орны бар.

Қарағанды қаласынан 40 км жерде Жалаир кен орнында барит өндіріледі. Кен орнында жеті барит шоғыры анықталды. Кеннің негізгі массасын барий сульфатын құрайды.

Адам қызметінің барлық түрлері қоршаған ортаға, оның ресурстары мен процестеріне теріс әсер етеді. Өндіруші өнеркәсіп кәсіпорындары антропогендік әсердің неғұрлым жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Кең таралған мәселелерге: атмосфералық ауаға шығарындылар, сарқынды сулардың ластануы және қатты қалдықтармен қоршаған ортаның ластануы жатады. Өндіруші және өңдеуші кәсіпорындар өндірістік мақсаттар үшін судың көп мөлшерін пайдаланады. Мұндай жағдай әртүрлі заттармен ластанған ағынды сулардың пайда болуына әкеп соғады, олардың су объектілеріне түсуі олардың мекендеушілері үшін қиын салдарға әкеп соғады.

Қарағанды қаласынан оңтүстік шығысқа қарай 130 км жерде Алайғыр полиметалл кен орны орналасқан. Кен орны Успен синклиориясының шығыс бөлігінде орналасқан. Негізгі пайдалы қазбалар қорғасын болып табылады, ал негізгі ілеспе элемент қорғасын концентратынан алынатын күміс болып табылады. Нұра өзені алабы аумағындағы табиғатты пайдаланудың қазіргі аумақтық құрылымы 1-кестеде көрсетілген.



Нұра өзені алабының табиғатты пайдалану картасы

Мысалы, Теміртау қаласындағы Нұра өзенінің бақылау пунктінде "Арселор Миталл Теміртау" АҚ және "ТЭМК" АҚ ХМЗ ағынды сулардың бірлескен төгіндісінен 5,7 км төмен жерде - негізгі иондар (сульфаттар – 1,9 ШРК), ауыр металдар (мыс(2+)-2,3 ШРК, мырыш (2+)-2,2 ШРК, марғанен (2+)-6,8 ШРК), органикалық заттар (фенолдар -1,3 ШРК) бойынша нормадан асу көрсеткіштері тіркелген. Өндіріс және ауыл шаруашылығы қалдықтарын көму орындарынан зиянды заттар жер асты суларынына таралады. Табиғи ландшафттар пайдалы қазбалардың ірі кен орындарын игеру кезінде бұзылады, топырақ жамылғысы жойылады. Табиғи орта өнеркәсіптік қондырғылар мен көліктен пайда болатын шу жәневибразиямен ластанған.

Тау жыныстарының үйінділері, ашық тау-кен қазбалары ауыр металдардың жер үсті сулары-натаралынуына әсер етеді және осының нәтижесі топырақ қабаттарының ластануы, зауыт өндірісінің қалдықтарының жиналуы болып табылады.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** *Урбанды-өнеркәсіптік.* Қарағанды таскөмір алабының баланстағы жалпы қоры 7,977 млрд т құрайды. Ең жоғары көмір қоры Қарағанды ауданында (қарағанды және ашляр қабаттарында) орнатылған, мұнда жиынтық қуаты 48 м көмірдің 25 жұмыс қабаттары бар. Алаптың көп бөлігіндегі көмір кокстелгенге жатады, ішінара майлы кокстелгенге жатады. Қазіргі уақытта бассейнде 8 шахта пайдаланылуда.

Қушоқы кен орны Қарағанды қаласынан солтүстікке қарай 55 км жерде орналасқан. Кен орнының көмірленуі Қарағанды және ашлярлик қабаттарының шөгінділерімен байланысты. Кен орнында жалпы қуаты 49 м болатын 13 көмір қабатына дейін есептеледі. Қабаттардың көмірі аз күкіртті және аз фосфорлы. Көмір сапасы жағынан Екібастұзға жақын және тек энергетика үшін пайдаланылады. «Қазақмыс» корпорациясы осы кен орнында жұмыс жасайды.

1-кесте – Нұра өзені алабы аумағында табиғатты пайдаланудың қазіргі аумақтық құрылымы

Қазіргі антропогендік әсердің негізгі түрі (С. П. Горшков бойынша жіктеме)	Кен орны	Пайдалы қазбалар
Пайдалы қазбаларды өндіру	Кентөбе	темір
	Нұрқазған	мыс
	Алайғыр	полиметалл
	Қарағайлы	полиметалл
	Нұраталды	молибден-вольфрам
	Қайнарбұлақ	алтын
	Спасское	пиррофиллит
	Жалаир	барит
	Тектұрмас	кварцит
	Үлкен Семызбұғы	гематит
Урбанды-өнеркәсіптік кәсіпорындары - металл өңдеу, химия, мұнай-химия	Теміртау	темір
	Қарағанды	көмір
	Абай	көмір
Резенке, пластмасса және т.б.	Саран	резенке
өнеркәсіп кәсіпорындары - құрылыс индустриясы, жеңіл өнеркәсіп, тамақ өнеркәсібі өнеркәсіп, көлік, ЖЭО	Көкөзек	қаптаутасы
	Астаховское	саздақ
	Осакаровка	бидай
Ауылшаруашылығы егіншілік (ауылшаруашылығы дақылдарын еғу)	Шахтерское	бидай
Мал шаруашылығы - шөп дайындау, мерзімді мал жаю - жайылым	Қорғалжын	
	Ақсу-Аюлы	
Су шаруашылығы	Самарқан су қоймасы	
Коммуникациялық-көліктік (қаладан тыс) автожол, құбыр	Қызылтау	Автожол
	Ақтау	Тас жол
	Баршын	Тас жол
	Талдысай	Тас жол

Елді мекендерде негізгі өнеркәсіптік объектілер, автокөліктің едәуір бөлігі шоғырланған, ал ландшафт соған байланысты түбегейлі өзгеріске ұшырайды. Аймақ шеңінде нарықтық мамандандуды анықтайтын негізгі сала металлургиялық кешен болып табылады. Өнеркәсіптік кәсіпорындар қалаларда шоғырланған [8].

*Ауылшаруашылық.* Нұра өзені алабының аумағында ауыл шаруашылығынан өсімдік және мал шаруашылығы кен таралған.

Жер және су ресурстарының болуы толыққанды ауыл шаруашылығын жүргізуге мүмкіндік береді. Аймақта аграрлық секторында мал шаруашылығы басым, ал өсімдік шаруашылығында жергілікті халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған бидай және картоп, көкөніс және жем-шөп дақылдарын өсіруге бағытталған. Дамыған ауыл шаруашылығы өндірісінің болуы мұнда 25%-ға дейін майда тартылған ұн, 38%-ға дейін ет, 39% өңделген сұйық сүт және кілегей, 29%-ға дейін тері және былғары өнімдерін республикада өндіруге мүмкіндік береді [7].

Топырақ эрозиясы ауыл шаруашылығына үлкен зиян келтіреді. Қаралып отырған аймақтағы эрозияға ұшыраған ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы 297,25 мың га құрайды, оның 236,9 мың га Қарағанды облысына тиесілі екенін кесте 2-ден көруге болады.

Негізгі топырақ қорғау іс-шаралары орман екпелерін қорғау және жақсарту, жана екпелерді өсіру, мал жаюды реттеу, дақылдарды өңдеу мен белдеулік орналастыру жүйесінде жеңіл топырақты іріктеп жырту болуы тиіс. Нұра өзенінің алқабында 70-тен астам ауыл шаруашылығы кәсіпорындары (бұрынғы совхоздар, шаруа қожалықтарының қауымдастығы, құс фабрикалары)

2-кесте – Эрозияға ұшыраған ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы

Атауы	Барлық ауыл шаруашылық жерлері, мың. га	Эрозияға ұшыраған ауыл шаруашылық жерлері, мың. га	Эрозияға ұшыраған алқап, мың. га
Алап бойынша	11 946,51	297,25	45,96
Қарағанды облысы	10 166,37	236,93	18,11
Ақмола облысы	1594,27	61,31	27,85

орналасқан. Өзенді ластау көздері: 120-дан астам ҚТҚ үйінділері, мал шаруашылығы кешендері, көң сақтау орындары, минералдық тыңайтқыштар, улы химикаттар, сынапты-органикалық тұқым улағыштар, мұнай өнімдерінің қоймалары және т. б. болуы мүмкін. Бұл объектілер Нұра өзенінің мұнай өнімдерімен, нитраттармен, нитриттермен, фенолдармен (сынап және басқа компоненттер болуы мүмкін) ластануының көздері болуы мүмкін. Негізгі өзенді ластайтын заттар ауыл металдармен (мыс, молибден) және феналдармен ластануы Нұра өзенінің төменгі ағысы учаскелерінде және бассейнің жоғарғы бөлігінде екенін атап өту керек.

*Өсімдік шаруашылығы* – бұл дәнді, жем-шөп және көкөніс дақылдарын өсіру, соның ішінде бидай, картоп, және зығыр. Басым ауыл шаруашылық дақылдары: жаздық бидай, күздік қара бидай, қарақұмық, тары, арпа, сұлы, майлы дақылдар, картоп, көкөніс және бақша дақылдары, жем-шөптік дақылдар, көпжылдық бұршақты шөптер, жүгері, сондай-ақ жабық топырақтағы көкөністер болып табылады.

Алап бойындағы аймақта мал шаруашылығы, ет-сүт өнімдері, құс шаруашылығы, сондай-ақ балық шаруашылығы салалары жақсы дамыған. Аймақта су қоры және балық қоры балық аулауды қарқынды дамыту үшін қолайлы жағдайларға әсер етеді.

Коммуникациялық-көліктік (қаладан тыс аймақта). Облыста 241 автобус маршруты бойынша жолаушылар мен жүктітасымалдау жүзеге асырылады, оның ішінде 115 қалаішілік, 54 қаламаңындағы, 72 қалааралық облыс ішілік маршруттар, олар 233 елді мекенді тұрақты қатынастармен қамтиды [6].

Кез келген жолдың құрылысынан пайда болатын ірі ойыстар мен қазіргі экологиялық жағдайды нашар жаққа өзгертеді. Бұл объектілердің пайда болуы жергілікті ағынның жағдайын бұзады, беткейлерде эрозиялық процестер күшейтіледі, іргелес жерлердің бұзылу қаупі туындайды, жабайы жануарлардың табиғи қозғалу жолдары бұзылады және т. б. Жол құрылысына байланысты табиғи ортаға тікелей теріс әсерден басқа бірқатар тікелей емес әсер етеді. Ең алдымен, бұл атмосфераға зиянды заттардың шығарындылары және осыған байланысты жол бойындағы аймақтың топырағының ластануы (бірінші кезекте ауыр металдармен және көмірсутектермен), шумен ластануы, көлік желісінің желілік құрылыстарының табиғи объектілерге әсері, тасымалданатын жүктерді жоғалту кезіндегі ортаның ластануы және ақыр соңында авариялық жағдайлар.

*Су шаруашылығы* Ең ірі су қоймалары: Нұра өзенінде салынған Самарқанд су қоймасы. Самарқанд су қоймасы нормативтік-тазартылған және нормативтік-таза су қабылдағыш болып табылады. Самарқанд су қоймасында "Арселор миттал Теміртау" АҚ "Bassel Group LLS" ЖШС (Кар ГРЭС – 1), "Теміртау электрометаллургиялық комбинаты" АҚ, "Central Asia Cemen" өнеркәсіптерінен ағынды сулармен мұнай өнімдері, фенолдар, аммоний иондары, нитриттер, органикалық қосылыстар, мырыш, мыс, қорғасын келеді. Нұра өзені бойында орналасқан елді мекендердің ұйымдастырылмаған ағындарының табиғи қабылдағышы болып табылады және бұл өзендер мен су қоймаларын ластауда белгілі бір рөл атқарады. Алап аймағында орналасқан мал шаруашылығының ағындары органикалық заттардың едәуір мөлшерін қамтиды [9]. Нұра өзені алабының ерекшелігі жер үсті суларының сапасына сарқынды сулардың төгінділері айтарлықтай әсер етеді. Нұра өзенінің жекелеген аймақтарының гидрохимиялық сипаттамасы мен ластану деңгейі төгілетін сарқынды сулардың құрамымен анықталады. Бұл ең алдымен Теміртау қаласынан төмен Нұра өзенінің аймағы жатады.

**Қорытынды.** Мақалада жоғарыда айтылғандарды талдай отырып, зерттелетін аймақ шегінде жүзеге асырылатын шаруашылық және ландшафтардың антропогендік модификациясының негізгі факторлары адамның өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы қызметі: пайдалы қазбаларды өндіру, гидроқұрылыс, егіншілік, мал жаю, сондай-ақ селителі аумақтарды кеңейту және көлік құрылысы болып табылады.

Нура өзені алабының ландшафттарын табиғи пайдаланудың қазіргі құрылымына талдау жасау біздің зерттеулеріміздің түпкі нәтижесі болып табылмайды. Табиғатты пайдалану құрылымын талдау кезінде алынған мәліметтер геожүйелерге антропогендік жүктеме деңгейінің көрсеткіштерін, геожүйелердің антропогендік әсерлерге тұрақтылығын және антропогендік әсер ету жағдайындағы геожүйелер динамикасының болжанатын үрдістерін ескере отырып, табиғатты пайдаланудың оңтайлы құрылымын әзірлеу үшін қолданбалы география тұрғысынан түсіндірілетін болады.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Чупахин В.М. Природное районирование Казахстана. – Алма-Ата, 1970.
- [2] Гельдыева Г.В., Веселова Л.К. Ландшафты Казахстана. – Алма-Ата: Ғылым, 1992. – 176 с.
- [3] Исаченко А.Г. Теория и методология географической науки. – М.: Академия, 2004. – 400 с.
- [4] Калменова У.А. Физическая география Центрального Казахстана. – Жезказган, 2000. – 79 с.
- [5] Стороженко Д.Н. Почвы Карагандинской области. – Алма-Ата: Наука, 1967. – Вып. 8. – 329 с.
- [6] Быков Б.А. Биологическая продуктивность растительности Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1974.
- [7] Озгелдинова Ж.О. Антропогенное воздействие на геосистемы бассейна реки Сарысу: Автореф. на соискание ученой степени PhD. – Астана, 2015. – 15 с.
- [8] Мухамеджанов О.Т. Антропогенное воздействие на геосистемы бассейна реки Нура: Автореф. ... канд. геогр. наук. – Алматы, 1997. – 40 с.
- [9] Отчетные данные Нура-Сарысу́йского БВУ за 1990–2015 гг. / ГУ «Нура-Сарысу́йское бассейновое водохозяйственное управление». – Караганда, 2015. – 229 с.
- [10] Бизнес-навигатор. Региональная карта развития предпринимательства – Режим доступа: <http://www.businessnavigator.kz>
- [11] Комитет по статистике. Министерство национальной экономики Республики Казахстан – Режим доступа: <http://stat.gov.kz>

#### REFERENCES

- [1] Chupakhin V. M. Natural zoning of Kazakhstan. Alma-Ata, 1970 (in Rus.).
- [2] Geldyeva G.V., Veselova L.P. Landscape of Kazakhstan. Alma-Ata: Science, 1992. 176 p. (in Rus.).
- [3] Isachenko A.G. Theory and methodology of geographical science. M.: Academy, 2004. 400 p. (in Rus.).
- [4] Kalmenova U.A. Physical geography of Central Kazakhstan. Zhezkazgan, 2000. 79 p. (in Rus.).
- [5] Storozhenko D.N. Soils of Karaganda region. Alma-Ata: Science, 1967. Issue 8. 329 p. (in Rus.).
- [6] Bykov B.A. Biological productivity of vegetation of Kazakhstan. Alma-Ata: Science, 1974 (in Rus.).
- [7] Ozgeldinova Zh.O. Anthropogenic impact on geosystems of river Sarysu: Author. on competition of a scientific degree of PhD. Astana, 2015. 15 p. (in Rus.).
- [8] Mukhamedzhanov O.T. Anthropogenic impact on the geosystems of the Nura river basin: Autoref. ... kand. geogr. sciences'. Almaty, 1997. 40 p. (in Rus.).
- [9] The accounting data of the Nura-Sarysu for the years 1990–2015 / GU "Nura-Sarysu basin water management". Karaganda, 2015. 229 p. (in Rus.).
- [10] Business Navigator. Regional map of entrepreneurship development – access Mode: <http://www.businessnavigator.kz> (in Rus.).
- [11] Committee on statistics. Ministry of national economy of the Republic of Kazakhstan – access mode: <http://stat.gov.kz> (in Rus.).

**Ж. О. Озгелдинова<sup>1</sup>, Г. Т. Оспан<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD, и.о. доцента кафедры физической и экономической географии (Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан)

<sup>2</sup>PhD докторант кафедры физической и экономической географии (Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан)

#### АНАЛИЗ СОВРЕМЕННОЙ СТРУКТУРЫ ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЯ ЛАНДШАФТОВ БАСЕЙНА РЕКИ НУРА

**Аннотация.** Рассматриваются методические вопросы антропогенного воздействия и их классификация. Представлена структура природопользования на территории бассейна реки Нура. Карта современного территориального природопользования ландшафтов на территории бассейна реки Нура выполнена в масштабе 1: 500 000.

**Ключевые слова:** антропогенное воздействие, геосистема, ландшафт, природа, природопользование.



**Zh. O. Ozgeldinova<sup>1</sup>, G. T. Ospan<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD, Department of physical and economic geography  
(Eurasian national university named after L. N. Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan)

<sup>2</sup>PhD student of the Department of Physical and Economic Geography  
(Eurasian national university named after L. N. Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan)

**THE ANALYSIS OF THE CURRENT STRUCTURE  
OF THE ENVIRONMENTAL MANAGEMENT OF THE LANDSCAPES  
OF THE BASIN OF THE NURA RIVER**

**Abstract.** The article deals with methodological issues of anthropogenic impact and classification. The structure of nature management is presented on the territory of the Nura river basin. The map of the modern territorial nature management of landscapes in the Nura river basin is made in the scale of 1: 500 000.

**Keywords:** anthropogenic impact, geosystem, landscape, nature, nature management.

УДК 656.2; 339.9; 327

П. Ш. Оруджев

Аспирант, преподаватель (Бакинский государственный университет, Баку, Азербайджан)

## РОЛЬ РАСШИРЕНИЯ ТРАСЕКА В ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ СТРАН ТЮРКСКОГО МИРА

**Аннотация.** Рассматриваются трансконтинентальный транспортный коридор ТРАСЕКА (Транс-Европа-Кавказ-Азия), а также его геополитическое и экономическое значение для Турции, Азербайджана и стран Центральной Азии (исключая Таджикистан), принадлежащих к тюркскому миру. Эти страны всегда играли роль природного моста для крупных коммерческих маршрутов между Европой и Азией. Эти маршруты, образованные Великим Шелковым путем, были диверсифицированы и модернизированы на протяжении многих лет. Обсуждается важность создания нового трансконтинентального транспортного проекта ТРАСЕКА, который может конкурировать с морскими перевозками в Центральной Азии, Каспийском и Черноморском регионах, несмотря на то, что большинство коммерческих отношений между Европой и Азией по-прежнему осуществляются морскими перевозками. Тюркские страны ускорили процессы экономической и политической интеграции благодаря транспортно-коммуникационным проектам в регионе, что привело к улучшению геополитической ситуации в Евразии.

**Ключевые слова:** страны тюркского мира, торговые отношения, ТРАСЕКА, транспортные коридоры, экономическая интеграция.

**Актуальность исследования.** Страны тюркского мира заинтересованы в подключении к существующим или проектируемым транспортным коридорам. Эта заинтересованность подтверждается подключением тюркских государств к проекту ТРАСЕКА с доставкой грузов в Европу сданным недавно в эксплуатацию железнодорожным путем Баку–Тбилиси–Карс.

**Цель исследования** – показать важность транспортного фактора и трансконтинентальных транспортных коридоров для Азербайджана, Турции, Казахстана, Узбекистана, Кыргызстана и Туркменистана, а также изучить проекты их развития в рамках проекта ТРАСЕКА.

**ТРАСЕКА и страны тюркского мира.** Говоря о тюркском мире, мы, в первую очередь, подразумеваем страны Центральной Азии (исключая Таджикистан), Турцию и Азербайджан. Исторически эта территория была в очень тесных отношениях, и эти страны соединял исторический Шелковый путь. Этот регион тюркского мира имеет богатые природные ресурсы. По этой причине геополитические силы мира всегда ведут борьбу за него.

По словам известного американского геополитика Збигнева Бжезинского, стратегическое положение Центральной Азии, особенно Казахстана и Туркменистана, с точки зрения дешевых и надежных поставок энергии в Северную Америку, Европу и Восточную Азию, имеет особое значение [3].

За последние 20 лет в странах тюркского мира, где имеются богатые углеводородные ресурсы, наблюдается экономический рост. В 2018 году ВВП Азербайджана (по паритету покупательной способности) оценивался в 179 млрд долларов, в 503 млрд долларов в Казахстане, в 112 млрд долларов в Туркменистане и 238 млрд долларов в Узбекистане. В Киргизии, которая имеет относительно слабое экономическое развитие, этот показатель оценивается в 24 млрд долларов.

В целом запасы нефти и газа, обнаруженные в Центральной Азии, оцениваются в 4,2 млрд т и 11,7 трлн м<sup>3</sup> соответственно, что составляет 2,4% мировых запасов нефти и 6,2% запасов газа. Через регион прокладываются важные транспортные коридоры, необходимые для вовлечения

Центральной Азии в региональную экономическую интеграцию. Основная цель этих проектов – обеспечить транспортировку богатых нефтегазовых ресурсов Центральной Азии в Европу и снизить энергетическую зависимость Европы от России. ТРАСЕКА является одним из первых таких проектов.

**Транспортный коридор Транс-Европа-Кавказ-Азия** был создан Европейским союзом для организации международной сети интермодальных перевозок. В мае 1993 года в Брюсселе было подписано соглашение о создании этого проекта с делегациями 7 стран (Азербайджан, Армения, Казахстан, Туркменистан, Узбекистан, Кыргызстан и Таджикистан). К 2009 году к проекту присоединились Болгария, Молдова, Румыния, Турция, Украина и Иран, и число стран-участниц достигло 14. В качестве наблюдателя к проекту присоединилась Литва.

